№44
(8144)

3 қараша
Сейсенбі,
2026 жыл

uil-gazet@mail.ru
Kokjar_tynysy

Ойыл

аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1930
жылдың
қараша айынан
бастап шығады

ШЫҒАНАК-145

ШЫҒАНАҚТЫҢ ТОЙЫ - ЕҢБЕККЕ ТАҒЗЫМ!

ТАРЫ ДАҚЫЛЫНАН ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ӨНІМ АЛУҒА ҚОЛ ЖЕТКІЗГЕН ӘЙГІЛІ ДИХАН ШЫҒАНАҚ БЕРСЕҰЛЫ ТУРАЛЫ ӘР ЖЫЛДАРДА АЗ АЙТЫЛЫП, АЗ ЖАЗЫЛМАҒАН СИЯҚТЫ КӨРІНЕДІ. ОЛ КІСІНІҢ АТЫНДА МЕКТЕП, КӨШЕ, КЕҢШАР, АУЫЛДЫҚ КЕҢЕС (ҚАЗІР ОКРУГТІК ӘКІМДІК), КІТАПХАНА Т.Б. АЗ ЕМЕС СИЯҚТЫ. БҰЛ МӘСЕЛЕНІҢ АҚПАРАТТЫҚ, ЕСЕПТІК КӨРІНІСІ ҒАНА. БҰЛ ЖЕРДЕ НЕГІЗГІ НЫСАНА ТАРЫ ӨСІРУДЕН ӘЛЕМДІ ТАҢ ҚАЛДЫРҒАН ҚАРАПАЙЫМ ЕҢБЕККӨР-БЕЙНЕТҚОР ЖАННЫҢ, ШЕТЕЛДІК ҒАЛЫМДАР МЕН МАМАНДАРДЫҢ ТАҢДАНЫСТАРЫ МЕН ЗЕРТТЕУ НЫСАНЫНА АЙНАЛЫП ОЛАРДЫҢ КӨЗДЕРІ ЖЕТІП МОЙЫНДАЛЫП «ШЫҒАНАҚ БҰЛ БОЛМАСТЫ БОЛДЫРҒАН АДАМ» ДЕП БАҒАЛАУЫ ТАҢ ҚАЛАРЛЫҚ СЕНСАЦИЯЛЫҚ ЖАҢАЛЫҚ БОЛАТЫН. СЕБЕБІ ШЕТЕЛДІК ОСЫ САЛАНЫҢ КӘСІБИ МАМАНДАРЫ МЕН ҒАЛЫМДАРЫ КЕЗ-КЕЛГЕН ЖАҢАЛЫҚТАР МЕН ЖАҢА ТАБЫСТАРДЫ, ӨСІРЕСЕ, КЕҢЕСТІК ТЫҢ БАСТАМАЛАРҒА МЕНСІНБЕЙ ҚАРАЙТЫН, МОЙЫНДАУҒА ЫҚЫЛАССЫЗ ҮРДІС ҚАЛЫПТАСҚАН БОЛАТЫН.







Кеңестік өкіметтің сәл ғана жетістіктерді (қай салада да) көз бояушылықпен асыра көрсету, қосып жазу, жалған мәлімет, озаттар мен стахановшыларды қолдан жасау қалыптасқан әдеттегідей ұстаным болатын. «Американы қуып жетіп, босып озу» жолында ештеңеден тайынуға болмайтын.

Әрине Ш.Берсеұлы тары егудің қыр-сырын ұзақ жылдардағы өзі көріп, басынан өткерген тәжірибесі арқылы меңгерді және ол атақ-даңққа, әлдебіреулерді таңқалдыруға зәредей де құлқы болмаған жан. Өз өмірінде адам төзгісіз азапты бейнеттерді және қазақ даласына айналып соға беретін аштық пен жұттың зардаптарын өткерген, одан өлмей, тірі қалып, есі кіресілі-шығасылы аштық қалде отырғанда «Иә» «Алла осы тозақтан аман қалып, жазға тірі жетсем, жерді қолыммен жыртсам да, тары егем. Уа, Жаратқан Ием, сол күнге жеткізе гөр! Осы уәдемді қабылда, бұл-ақыреттік антым» - деп күңіренген Шығанақ көктемге жеткеннен кейін, Құдайға берген антына адал болуды және өзіне қараған ағайын мен ауылдастарының қарындарын тойғызуды ғана мақсат тұтқан болатын. Шаруа адамының саясаттан өкіметтік үгіт-насихаттан хабары да жоқтұғын.

Ал, неге тарымен айналысты? Азықтыққа жарамды бидай немесе басқа дақылдарды екпеді? - деген сұраққа Шығанақ атамыз сол тұста-ақ, өзі жауап берген-ді. «Арпа көже - ел жатқанша, бидай көже-таң атқанша, тары көже-келесі күн батқанша». Бұл тарының азықтық қуатына өз тәжірибесі арқылы көз жеткізген білікті адамнның сөзі немесе Шықаңның «бидайдан бір тамғанда, тарыдан екі тамады» - деген сөзі де тары дақылының бидайдан бірнеше көп есе өнім алуға болатындығын айтқаны.

Аңыз-диханның тары туралы, адал еңбек, төгілген тердің қайтарымы жөнінде айтқан мағыналы сөздері аз емес. Оны тізбелеу мен талдауда мақсат етіп отырған жоқпыз.

Тары - соғыс жүріп жатқан тұста стратегиялық маңызы бірінші орында тұрған аса қажетті өнім болды. Сол бір қиын-қыстау кезеңде халықтың ас-азықпен қамтамасыз етілуі төмен болғаны шындық. Ал қанды қасапта, өлім мен өмірдің арасында бастарын бәйгеге тігіп жүрген жауынгерлерді қуатты азықпен қамтамасыз етуде. Тары жармасының орны айрықша еді. Себебі оқ пен оттың ортасында жүрген отан қорғаушылар құнарлы азықпен қоректенбесе, дәлірек айтқанда, тағамда белок құрамы жетіспесе, ауруға шалдығу ықтималдылығы жоғары. Бұл орайда құрамында белок мөлшері жоғары тары дақылы көптеген қажеттіліктерді өтейтіні белгілі және тез бұзыла қоймайтын ауа райының өзгерістеріне төзімді, алып жүруде де қиындық тудырмайтын, сапалық құрамы жоғары дақыл. Оны Шығанақ дихан да терең түсінгендіктен, өз тәжірибесіне сүйеніп халықтық селекция т.б. агротехникалық шараларды ұдайы жүргізуді назардан тыс қалдырмады, осындай зор мақсатты еңбектер арқылы мол өнім алудың амалын тапты.

Қазақстан деген белгісіздеу мемлекетті әлемге танытты.

Жаңалық пен үздік нәтижелерге күмәнмен қарау, көзі жетпей жатып, оны мансұқтау, ғайбат айту, т.б. қай кезде де болатын, бола да беретін үрдіс осындай әрекеттерде Шығанақтың сыртынан айтылмай қалған жоқ. Алайда сол тұстағы, мемлекет қайраткерлері, ғалымдар, шетелдік оқымыстылар Шықаңа арнайы келіп, егістікті аралап баптау, күту шараларына тәнті болып, диханның еңбегіне ырза болып, рекордтық өнімнің ақиқатына көз жеткізгені туралы ғылыми қортындылары бүгінде құнды архивтік құжатқа айналды.

Осы орайда әйгілі ғалым, академик Т.Д.Лысенко Шығанақпен кездескенде:

-Шығанақ жолдас, агрономия ғылымының тұжырымдауы бойынша топырақтың, судың, күннің беретін мүмкіндігін есептегенде сіздің алған өніміңіз, шындыққа сыймайтын сияқты. Осыған не айтасыз? - деп сұрайды.

Сонда Шығанақ тілмәш арқылы «Бұл сұраққа мен жауап бермейін, тарының өзі жауап берсін, жүріңіздер, егіске барайық! - деп, қонақтарды егіске бастап апарады. Жайқалып тұрған егістікті көрген ғалым үндеместен егісті бойлай аралап кетіп, бұларды күттіріп қояды. Әлден уақытта оралған ол, басқаларға мойын бұрмастан, Шықаңның алдына келіп, үн-түнсіз қолын жүрек тұсына қойып тағзым етеді де жаптың жиегіндегі масақтарын көтере алмай, майысып тұрған тарыны нұсқаса керек

Сонда Шығанақ қарқ-қарқ күліп!

-Ай, Лысенко қарағым-ай, оны маған көрсетпе қонақтарға көрсет, мына бір түп тарыдан кем дегенде бір пұт тары түседі деп, түсіндірсейші мыналарға, - дейді.

Шығанақтың осы сөзін тілмәш арқылы естіген ғалым басын шайқап:

-Жоқ, олай емес. Бері қараңдар! - дейді жанындағыларға, «Мен әр жерден барып тексеріп қарадым, мына түпте санап қарасақ, 35 масақ бар. Кейбір түпте 42 масақ бар екен, Демек, Шығанақ жолдастың бір масағында бір пұт емес, одан артық өнім бар» - дейді. Кейін осы сапары туралы 1944 жылы жазбасында таңдаулы ғалымдар дәнді егістің әрбір гектарынан алынатын 200 центнерден артық болуы мүмкін емес деп есептейді... «Сіз бұл есептен асып түстіңіз. Сәйтіп егіннен мол өнім алу - адамға байланысты екенін көрсеттіңіз» - деп жазады. Бұдан басқа да Ш.Берсеевтің тарыдан рекордтық өнім алғанын қуаттаған, құттықтаған ресми тұлғалар аз емес.

Осы жазбамызды қортындылай келе, мына жайттарды атамай кетуге болмайды! Өзіміз көріп, қатысып, Ш.Берсеевтің әр жылдардағы мерейтойларын аудан көлемінде атап жүрсек те, шет елдіктердің «Болмасты болдырған адам» атанған әйгілі дихан бабамызды бүгінгі ұрпақтар санасына насихаттау ісінде олқылықтар да аз емес екендігін байқадық. Оның бір мысалы дихан бабамыздың 125 жылдығы қарсаңында Ақтөбе қаласында Республикалық деңгейде ақындар айтысын өткіздік. Еліміздің әр тұсынан келген айтыскерлер «Біз Шығанақ туралы ештеңе білмейміз» дегендерін естіп, екі күн бойы оларға лекция оқығанымыз бар, сол сияқты түрлі кездесулер де, шығармашылық танымдық шараларда дихан атамыз туралы сауалдарға тұжырымды жауап ала-алмай қалатын тұстарымыз да бар.

Сондықтан осындай олқылықтардың өркенін толтыру үшін, мектептерде, басқа да оқу орындарында танымдық, насихаттық шаралар мен лекторлардың білім сайыстарын, тақырыптық апталықтарды жиі енгізуге баса назар аударылса дейміз!

Нұрлыбек ҚАЛАУ,
ақын-драматург, ҚР жазушылар Одағының мүшесі, Шығанақтанушы.

ШЫҒАНАҚ БЕРСИЕВ - ЕҢБЕК ЕРЛІГІНІҢ ӨШПЕС ӨНЕГЕСІ

Құрметті Ойыл жұртшылығы! Ардақты жерлестер!

Сіздерді қазақ даласының даңқын әлемге танытқан, есімі еңбек тарихында алтын әріптермен жазылған әйгілі тары өсіруші Шығанақ Берсиевтің туғанына 145 жыл толуымен шын жүректен құттықтаймын!

Шығанақ Берсиев – Ойыл топырағынан түлеп ұшып, еңбегімен әлемге танылған тарихи тұлға. Оның есімі – туған жердің әлеуетін, қарапайым еңбек адамының мүмкіндігін және табандылықтың шексіз құдіретін танытатын ұлы өнеге. Бүгінде Шығанақ Берсиевтің тарихи тұлғасын бағалағанда, оның жетістігін құрғақ мақтанышпен емес, нақты нәтижелерімен зерделеуіміз қажет. 1939 жылы оның звеносы тарының әр гектарынан 25,5 центнер өнім алса, 1940 жылы бұл көрсеткіш 155,8 центнерге, 1941 жылы 165 центнерге, 1942 жылы 175 центнерге жетті. Ал 1943 жылы әр гектардан 201 центнер тары жинап, бұрын-соңды болмаған рекордтық нәтижеге қол жеткізді. Бұл – бір жылдың табысы емес, жылдар бойы қалыптасқан тәжірибе, ғылыми ізденіс, тынымсыз еңбек пен темірдей тәртіптің нәтижесі. Оның ерен еңбегі мемлекет тарапынан да жоғары бағаланды. 1940 жылы Ленин орденімен марапатталса, 1944 жылы ауыл шаруашылығы саласындағы үздік жетістіктері үшін КСРО Мемлекеттік сыйлығына ие болды. Бұл марапаттар – бір адамның ғана емес, Ойыл жерінің, қазақ диқаншылығының абыройын асқақтатқан тарихи баға. Шығанақ Берсиевтің тұлғасын биіктететін тағы бір қыры – оның азаматтық болмысы. Ұлы Отан соғысы жылдарында ол майдан қажетіне өз қаражаты мен еңбегінің жемісін бағыттап, ел басына күн туған шақта тылдағы ерліктің үлгісін көрсетті. Оның танк колоннасын жасақтауға 20 мың сом қаржы аударуы – туған ел алдындағы жауапкершіліктің айқын көрінісі. Шығанақ Берсиевтің еңбегі бір адамның жетістігімен шектелген жоқ. Оның тәжірибесі кеңінен таралып, ізбасарлары қалыптасты. Осылайша, ол тары өсірудің өзіндік мектебін қалыптастырды. Бұл – оның есімін тарихта қалдырған тағы бір маңызды жетістік.

Қадірлі жерлестер!

145 жылдық мерейтойдың басты мақсаты – өткенді еске алу ғана емес, ұлы тұлғаның өнегесін бүгінгі қоғамның рухани тірегіне айналдыру. Шығанақ бабамыздың өмір жолы бізге бір ақиқатты дәлелдейді: туған жерге адал қызмет ету атақпен емес, нақты іспен, қажырлы еңбекпен өлшенеді. Бүгінгі Ойылдың дамуы да осы ұстаныммен сабақтас. Ауданымызда жүзеге асып жатқан әрбір игі іс, ел игілігіне берілген әрбір нысан, ауыл шаруашылығындағы әрбір жетістік – туған жерге қызмет етудің жалғасы. Бізге Шығанақ Берсиевтен қалған ең үлкен аманат – еңбекке адалдық, елге жанашырлық және ұрпақ алдындағы жауапкершілік. Оның 145 жылдық мерейтойы аясында ұйымдастырылып отырған тарихи-танымдық шаралар мен ұлттық спорт жарыстары да осы құндылықтарды дәріптеуге бағытталған. Өйткені еңбек пен спорттың өзегінде ортақ қасиет бар. Ол – табандылық, төзімділік, тәртіп және жеңіске деген жігер. Шығанақ Берсиевтің есімі – Ойылдың тарихи бренді ғана емес, ұлттың еңбек мәдениетін танытатын биік өлшем. Біз осындай тұлғаларымен мақтанатын, олардың өнегесін келер ұрпаққа жеткізетін ел болуымыз керек.

Ұлы тұлғаның рухына тағзым етіп, оның еңбегін ұлықтау жолындағы барша бастамаларға сәттілік тілеймін! Еңбек адамының мәртебесі биіктеп, туған жерге деген сүйіспеншілік арта берсін! Ойылдың абыройы асқақтап, ел бірлігі мен берекесі нығая берсін!

Шығанақ Берсиевтің өмір жолы – бүгінгі ұрпаққа ғана емес, келешек буынға да бағыт-бағдар болатын мәңгілік өнеге. Оның табандылығы – мақсатқа жетудің, еңбекқорлығы – елге қызмет етудің, азаматтығы – туған жерге адал болудың жарқын үлгісі. Біз жас ұрпаққа осындай тарихи тұлғалардың есімін танытып қана қоймай, олардың бойындағы асыл қасиеттерді санаға сіңіруіміз керек. Өйткені елдің ертеңі – еңбекті қадірлейтін, білімге ұмтылатын, туған жерінің тағдырына жауапкершілікпен қарайтын ұрпақтың қолында. Шығанақ бабамыздың есімі тарихта қалғанымен, оның өнегелі жолы ұрпақ санасында жалғасын табуы тиіс. Бұл – бізге жүктелген тарихи әрі азаматтық міндет!

Сөкен Ғазизұлы ЗАЙМОЛДИН,
Ойыл ауданының әкімі.

КАНДИДАТТАРДЫ ТІРКЕУ ХАБАРЛАМАСЫ

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 104-бабының 6-1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес, Ойыл аудандық мәслихатының депутаттарын кезектен тыс сайлау жөніндегі бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша кандидаттардың тіркелгені туралы хабарлаймыз.

№1 сайлау округі бойынша

1. Берекенов Берик Жексенбаевич, 1980 жылы дүниеге келген, жеке кәсіпкер, Ойыл ауданы Ойыл ауылында тұрады;
2. Кулбаев Сакен Нурмуханович, 1968 жылы дүниеге келген, «Көкжар» МКК-ның директоры, Ойыл ауданы Ойыл ауылында тұрады;

№1 округтік сайлау комиссиясы

№3 сайлау округі бойынша

1. Кенжеғалиев Қанат Қуанышқалиұлы, 1999 жылы дүниеге келген, Ойыл кәсіптік колледжінің өндірістік оқыту шебері, Ойыл ауданы Ойыл ауылында тұрады;
2. Жумин Нұрсұлтан Нұрланұлы, 1994 жылы дүниеге келген, Ойыл аудандық жастар ресурстық орталығының басшысы, Ойыл ауданы Ойыл ауылында тұрады;

№3 округтік сайлау комиссиясы

№5 сайлау округі бойынша

1. Майлыбаева Данагуль Нурдаулетовна, 1973 жылы дүниеге келген, Ойыл аудандық оқушылар үйінің директоры, Ойыл ауданы Ойыл ауылында тұрады;

№5 округтік сайлау комиссиясы

№6 сайлау округі бойынша

1. Тұрабаева Гаухар Сағынтайқызы, 1995 жылы дүниеге келген, Ойыл балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің Қаратал ауылдық спорт залының меңгерушісі, Ойыл ауданы Қаратал ауылында тұрады;

№6 округтік сайлау комиссиясы

№10 сайлау округі бойынша

1. Қанатов Қайырбек Қанатұлы, 1996 жылы дүниеге келген, Ойыл аудандық ветеринариялық станциясының Саралжын ауылдық ветеринариялық пунктінің ветеринарлық дәрігері, Ойыл ауданы Ойыл ауылында тұрады;

№10 округтік сайлау комиссиясы

БОЛМАЙТЫНДЫ БОЛДЫРҒАННЫҢ СОҢЫ



Микеланджелоның дұғасы:
Жасаған Ие, жапырағыңдай жалғап ең,
Енді неге елеусіздікте қалдым мен?
Жасаған Ие, мен Саған не істемедім?
Сен маған не істемедің?
Андрей Вознесенский.

Өткен жиырмасыншы ғасыр-дүниені дүрліктірген екі бірдей дүниежүзілік соғыстармен, Ресей империясындағы саяси төңкеріспен таңбаланған уақыт. Ол сонымен бірге адамзатты екі бірдей жарқын, жасампаздық істердің үлгілерімен де таңдандыра білгені белгілі. Олардың біріншісі – 1928 жылдың 13 сәуірінде авиацияның әдіге қарқын алмаған шағында, кеміс Кель мен ирладиялық Фициористің ұшақпен Атлантика мұхитын шығысынан батысына дейін ұшып өткендігі. Екіншісі – әліге аштықтан арыла қоймаған ауылдастарының, ауысса ел – жұртының нәпақасы үшін алпысқа таяған жасында егіс салуға шығып, соғыс жылдары өнім алуда өрлеуден өрлеуге жетіп, тары дақылынан дүниеде бұрын сонды болмаған көрсеткішке жетіп, 1943 жылы өмірден өткен Шығанақ Берсеев.

Кеңес Одағында «Сталинизм» деп таңбаланған 30-50 жылдар аралығы әсіресе Қазақстанда алапат ашаршылық жайлаған, отбасы сайын өзара жау іздетіп, қияметке толы қуғын-сүргін жүргізіп генодцид (грек, лат. сөздері -тұқым-тұяғымен құрту) жағдайын енгізді. Бұған ілесе келген екінші дүниежүзілік соғыс онсыз да қажыған жұртымыздың еңбекке жарайтындарын майданға алып, ауыл қаңырап қалды. Сонда жасы алпысқа толған Шығанақ ауылда қалған шал-кемпірлердің, әйелдердің, кетпен ұстайтындай әлі бар сирек қарасирақ жеткіншектердің қолдарынан келген көмегімен тары дақылын егуге шықты. Дақылдың тұқымы аз, егістік көлемін ұлғайтуға оны атқаратындай қол күші және жоқ. Осы жағдайда Шығанақта біз әлі ге көргенімізден жазбай, тек әйтеуірі айта салумен жалғасып келе жатқан «рекорд» ұғымы мүлдем болмаған, диханның бүкіл мақсаты-аз егістіктен мүмкіндігінше молырақ өнім алып, жан-жағын аштықтан құтқару еді. Сол мақсатпен соңғы төрт жылының әрқайсысында бірінен бірін оздырған көрсеткіштерге жетумен соңғы бесінші жылында өнімді «ғылымның болжауынан да асырып», дүние жүзінде енді қайталануы екіталай рекорд жасады. Ұлы шебердің жасампаз ісі де, өмірі де осымен аяқталды. Бұл рекордты төрткүл дүние түгел біліп, қазақ Шығанақ әлемнің сан-алуан тілдерде таңданумен аталып, құрметпен ұлықталды, кейін атақты адам алдымен қазақтың елі мен жерінде ұмыт қалды. Әңгіме енді елінің не айтуында, не атауында жоқ сол Шығанақ туралы.

Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан кейін, Кеңес үкіметі елдің соғыс зардаптарынан арылумен, даму жолына түскендігін, дүниеге енді өрлеу туғандығын айғақтау мақсатында 1949 жылы Мәскеудің көрікті алқаптарының бірі – Останкинодан Бүкілодақтық халық шаруашылығы жетістіктері көрмесін ұйымдастырды. Осы жерде қысқа мерзім ішінде онсыз да ажары асып тұрған Мәскеуді сәнді ете түсетін ғимараттар, оранжериялар, басқа да көрнекі құрылыстар бой көтерген. Ең бастысы – әр республиканың жеке өзіне арналған павильондардың ашылуы қай ел үшін де елеулі жаңалық болды. Көрмеде дүниежүзі алдында кеше ғана сұрапыл шайқастан жеңіспен шығып, енді дамудың даңғыл жылына түскен Кеңес Одағының жасампаздық қарқынына көз жеткізу үшін елдегі ғылым мен техникада, білім, өнерде, тұрмыста жетістіктер мен табыстарды бейнелейтін экспонаттардың қатаң сүзгілерден өткізіліп қойылғандығында шүба болмаса керек. 1949 жыл – Иосиф Сталиннің мемлекет басшылығында отырған кезі, кешегі саяси қуғын-сүргін бәсеңдегенмен әлі аяқтала қоймаған еді, тәртіп қатал болған.

Қазақстандық павильонның кіреберісі алдында ұлттың екі ұлы перзенті Шығанақ пен Жамбылдың монумент статуялары тұрды. Көрменің жұмыс істей бастаған тек бірер жылдың ішінде Одақтың өзінен, шет елдерден үздіксіз келіп жатқан 1,5 миллион көрермендердің сонда қазақ павильонына келгендерді елдің еңбектегі жасампаздығының символындай болып Шығанақ Берсеев, мәдениетіміз бен өнеріміздің асқақтығын бейнелейтіндей жыр алыбы Жамбыл Жабаев ризалықпен қарсы алып, ізетпен шығарып салғандай қатар тұратын. Екеуі де Одаққа кеңінен мәлім тұлғалар: Жамбыл шығармалары әсіресе қырқыншы жылдары орыс тіліне аударылып ел басшылығына да, қалың бұқараға да кеңінен танымал болған. Ақынның Ленинград қаласы жау құрсауында қалғандағы «Ленинградтық өрендерім» деген өлеңі құрсаудағы қалаға жеткізіліп, көше сайын жарнамаланып, ілініп құрсаудағы қала жұртшылығына да, қаланы қорғаған әскерлерге жігер бергені Одақтың қай жерінде де, әсіресе Ресейде ұмытыла қойған жоқ-ты.

Жамбыл 1945 жылы өмірден өтті. Жыр алабына риза елі өлеңдегі өренін мәңгі ұмытпау мақсатында есімін елдің әртүрлі аймақтарына жайып ұлықтады. Содан бері Жамбыл - облыс, оқу орындары, аудандар мен ірі елді мекендер, республикалық өнер орталықтары сол атаулармен келеді. Ал Одақтан да асып, бүкіл шетелдерге мәлім болған Шығанақ есте жүрер есім ретінде елдегі ресми атауларда қалмағаны таңдандырады. Ол кезде үкімет басшысы Нұртас Дәпдібайұлы Оңдасынов еді. 1904 жылы туып, өзі де жасында таршылық пен жоқшылықтың тауқыметін тартып өскен, не бәрі 34 жастағы жас адам ел билігіне келген күннен бастап елінің жоғын түгендеуге белсене кіріскені белгілі. Оның биліктегі он үш жылдың ішінде жүзеге асырған, бағыт берген қызметтерінің игіліктерін арада қаншама уақыт өтсе де жұрты әлі көріп келеді... 1943 жылы Нұртас Оңдасынов ауырып жүрген Шығанақтың жағдайын, дәрігерлерге қаратудың жайын білейін, қарастырайын, диханның шаруасын өз көзіммен көрейін мақсатымен екі қанатты аэропланмен дихан егіс салған қиандағы Ойыл ауданының Қарасу деген жерінде далалыққа келіп қонды. Дала желінің ұйтқу күші белгілі, агропланды құлатып кетпес үшін қанттарын қазыққа байлаттырып қойып, төрт жыл бойы жалғасқан рекордты өнім алудың қыр-сырымен жете танысты. Жоғары өнімнің жанқиярлық еңбекпен, нақ Шығанақтай «толық адамның» қажымайтын қайраты, мұқалмайтын жігерімен келетіндігіне көзін жеткізіп риза болған. Үкімет басшысы, ел билігіндегі аз уақыттың ішінде жігерлі қайраткерлігімен танылған парасатты адамның алдында дихан артық сөйлемеді, асып та, сасып та айтқаны жоқ. Осы алпыс екі жасына дейін алдымен отаршылдықтың, кейін төңкеріс пен елді ақ пен қызылға бөліп атыстырған, шабыстарған қырғынның, жиырмасыншы, отызыншы жылдардағы адамды адам жеудің, босудың алапатына тап болып, жаппай қуғын-сүргіннің құрсауында жүріп қисаймай, шашырамай, тоқырамай сау жүру өз алдына, адамдық қасиетінің бір тінін де жоғалтпай шыққан тұтас тұлғасын танып, әңгімелесуінде әрине ірі ойлар мен терең түсініктер ортаға салынды. Шығанақтың дана адам екендігіне көз жеткізді. Дихан еңбегі үкімет басшысына таңсық іс емес, өзі де жасында көзбен көріп, қолмен ұстаған дейтіндей шаруа болатын. Әкесі – Оңдасын (Дандыбай-атасы) кезінде ауыл аймағына шебер диханшылығымен, жайсаң қалпы, жайлы мінезімен қадырлы болған. Шығанақ мәнді ісі, өмірімен ұлық адам ретінде қалыптасқан тұлға екендігін танытты. Оның ұлылығын кезінде Одақтың көп жерлерінде «Берсиевшілдік» қозғалыс жасап ел мойындады, соғыс құрсауындағы ленинградтықтарға вогондап тары астығын апарған сапарында партия мен мемлекеттегі екінші адам Георгий Маленков тікелей өзі бірге жүрумен Кремільді, оның көрнекті орындарын аралатып құрмет көрсеткен.

Алайда, сол Шығанақты сирек феномен, жарқын жаратылыс ретінде тану үшін оның кім, қайдан, қалай екендігін түсіну керек еді. Түсінудің қандайы да жеңіл-желпі болмайды, ал ол шынайы танымда өте күрделі. Қалай жеңіл-желпі болады, отыз алты жасына дейін оның елі, ата-баба жері Ресей империясының меншігіндегі жағдайда сол өз мекенінде табылғанын нәпақа етіп, қоныс аударушыларға жалданумен ғұмыр кешкен ауыр тіршілікте жүрді.

Ұлы диханның өмірі қазақ тарихының драма мен трагедияға толы кезеңдеріне сәйкес келді, ол өмір кешкен он тоғызыншы ғасырдағы сексенінші жылдардың соңы мен екінші дүниежүзілік соғыстың арасы алпыс үш жыл еді. Отыз алты жасына дейін отаршылдық әкімшілік он тоғызыншы ғасырдың 68-70 жылдары қазақ жерін зорлықпен империяның меншігіне заңдастырғандықтан қазақ енді өз жерінде жалданып жұмыс істейтіндерге айналып, дәстүрлі мал шаруашылығының өрісі тарыла түсіп, мал азая бастады. Кеңестік насихат пен үгітте көп айтылып келген қазақтың кедейлігі нақ осы шамадан басталған. Оған дейін ауыл болып, қауым болып өмір кешкен жұртымызда кеңестік насихат айтқандай аса кедейшілік болмаған.

Республикалық «Ана тілі» газетінінің 2021 жылдың 12 мамыр күні жарияланған материалында тарих ғылымының докторы, профессор Меруерт Әбусейітова былай деп жазады: «18 ғасырдың екінші жартысында жазылған «Сиюй цзюнь чжидада» қазақ байларының әрқайсысында он мың жылқы мен сиыр бар, ал олардың қойларына сан жетпейді. Кедей адамда бірнеше жүз жылқысы мен сиыры, бірнеше мың қойы бар, олар ұзақ өмір сүреді.»

Осы жолдарға қарағанда кешегі кедей деп жүргеніміз «бай емес» дегендей ғана ұғымды білдіретінге ұқсайтын секілді. Шынына келгенде, бұл ұғымның бүгінгі мәні кейінгі ұрпақтың отаршылдық тудырып, кеңестік өкімет күшейткен кедейлік екендігіне назар аударып жүрген жоқпыз. Шығанақ халықтың осы кедейлік кезеңіне тап болған адам. Бұл уақыт кәдуілгі «байдың» орнын «орта шаруалар» табы басып, мал – мүлкі аздары «байғұстарға» айналып, екі миллионға жуық қазақ қырылған ашаршылыққа, 125 мың адам қуғын – сүргінге айдалып, 25 мыңы атылған қасіретке апарды.

Оның диханшылыққа келуінің негізгі себебі әлгі айтылғандай жер империяның меншігіне өтіп, шөл мен шөлейт өңірде көп емес шұрайлы, құнарлы жерлерге отаршылдар иелік еткесін жайылым тарылды, көші – қон бұзылды, мал мен тіршілікке қауіп туды. Бұл кезге дейін балықшы, аңшы, қоғамдық қызмет орындарында қызметшілікте, қай істе де тиянақтылығымен, мұқияттылығымен, ауызша есепке жүйріктігімен қай ортаның да қадірін жете білген ол егіншілік бұл кезге дейін ауылдастарының тек ерінбегендерінің ғана ісі болған, негізгі шаруасы малшылық жұртының әлгідей жерден айрылу жағдайында күн көрісі күрт төмендегендіктен басқа шаруаның бәрін қойып тары дақылын, өзге де көкөністік өнімдерді өсіру ісіне кірісті. Оның ойында рекорд болған жоқ, оның ойлағаны – енді зорлықпен ортаға түскен малмен күнелтудің қиындағаны, отызыншы жылдардың ашаршылығын көрді, ендігі ашаршылық қаупінен тек дәнді дақыл ғана құтқаруы мүмкін екендігін сезінді. Ол диханшылыққа осылай келді. Материалдың басында айтылған «Сталинизм – КСРО-да 30-50 жылдары басқарудың әміршілік бұйрықтық тәсіліне, партиялық диктатураға, жеке адамға табынушылыққа және көсемнің шексіз билігіне, демократияны толықтай басып, жаншуға негізделген қоғамдық – саяси жүйе» («Культурология.Энциклопедический словарь» К.М.Хоруженко. Ростов-на-дону. «Феникс», 1997 г. 461 стр).

Бұл күні кеше дейтіндей Ресей империясының озбырлығында ұлттық ұстанымы тудырған табиғи қалпы тәрік етілген, енді большевизм әкелген алапат ашаршылық пен әр отбасына дейін бірін бірімен жауластырып жойқын қуғын-сүргінде адамнан адамдықты кетірген қасірет уақыты болды. Санаға терең орныққандықтан кесапаты әр істе әлі де қылық беріп қалатын сол үрейлі жағдайдан біржола арылу үшін ғылыми тұрғыда зерделеніп, ресми түрде баға берілуі тиіс еді. Ал әзірге қуғын-сүргіннің қияметі негізінен жалпыға мәлім атышулы «үштіктің» ісі секілді. Әрине,үштікті арашалау жоқ, алайда оны тудырған, соған мүдделі болған мемлекеттің өзі.

1938 жыл, қуғын-сүргіннің елде шарықтаған шағында, қаңтар айының 15-күні И.Сталин Кремельде жоғарғы Кеңестің депутаттарына қабылдау жасап, сөзін депутаттарға емес, большевизмнің талаптарына сәйкес қуғын-сүргін күрестерін жүргізіп жатқан ЧК-төтенше комитеттердің қызметтерін мақұлдауға, мадақтауға арнап, жүздеген мың адамдарды түрмелерге айдап атып жатқан ондаған мың чека кометкерлері мен ішкі істер халық коммиссаратының басшысы Ежов үшін деп төс көтерді. Оны ел халқының атынан сайланған депутаттар, ел басшылығы ұуғын-сүргінді одан әрі күшейте түсуге нұсқау деп қабылдады. Онсыз да дүниеге зорлықпен келген большевизм өзін өзі әшкерелеумен өмір сүрген жүйе. Әшкере деген сол, әлемге әйгілі жаратылыстанушы ғалым, академизь Вернадский (1863-1945): «Біз психоздықта өмір сүрдік» деп жазса, кәнігі революционер, В.Ленинның сенімді серіктерінің бірі болумен 60-жылдарға дейін Кеңес Одағын басқарудың ең биік сатыларында жүрген Анастас Микаянның естеліктерінен қуғын-сүргін жылдарында «біз бәріміз де тыңшы болып, жаппай қырағылық көрсетуге тиіспіз» деген сөздің, ал елуінші жылдары жеке адамға табынушылықты жөн қажеттігі туғанда «біз бәріміз де ол кезде жексұрын болдық» деген сөздерін оқуға болады. Бәріміз де басшы да, қосшы да. Яғни, сау адам болмаған Шығанақ осылайша жаппай психоздықтан (психоз-грек сөзі:ессіздік, ылығу) қалың тұманында барша жасампаздық, жарқын болмысымен жарқырап көрінген сәуле секілді.

Қазақ тұрмысына қай жағынан да жасалған қалың қысымшылық, тұтас алғанда ұлттың, жекелей алғанда әр адамның тіптен басқаны былай қойғанда, өзін-өзі тануын шектеп, санаға шабуыл жасады. Ондай қашаннан ауыл, ағайын болып ынтымақтаса ғұмыр кешкен елді сөз тасушыға, тыңшыға, жала жабушыларға айналдырып аз бауырын өздері талаған қорқауларды шығарды. Елді азып, тоздырған құрылымнан жасампаз Шығанақ шығады деп ойлай да алмайсың. Отыз жеті жасына келгенде, уақыт үшін ол уақыт өмірден қажудың басталатын кезі, тек империяны ғана емес, «бүкіл дүниені дүр сілкіндірген» Қазан төңкерісі, бір елді, бір ауылды, бір отбасын бір-бірімен соғыстырып қойған азамат соғысы, отызыншы жылдардың алапат ашаршылығы, әр отбасының қасіретіне айналған айдау мен ату жаппай қуғын сүргініне ұласып, тек елуінші жылдары ғана бәсеңдегені белгілі. Осындай заманақырлық ортадан Шығанақ болып, ұлық болып шығу мүмкін бе? Түсіну қиын. Көпшілігінің дүниетанымдық көзқарасы төмен, не арнаулы оқуы жоқ, не үйренген тәжірибе, тағылымы жоқ, негізгі шаруасы мал соңында жүріп, аракідік ауылдағы ықылас білдірген шағын топпен шағын жерге дән сеуіп, шамалы өнім алса алған шығар, Қарасулық кішкене ауыл өзге өнімділікті көрген жоқ. «Талайғы кәрі дүниенің» homo sapiensi аяғына тұрып, ендігі тіршілігін терімшілдікпен жалғағанда аузына түскен алғашқы дән басқа да жабайы, жеуге жарайтын дәнді, тамарлы өсімдіктермен бірге тары дақылы болған. Осы жерде көне, өте көне Қытай мифологиясындағы тарыға байланысты аңыз еске түсіп тұр. Қытай жұрты аңыз – әңгімелерінде дақылдарды өсіріп, таратушыларды батыр ретінде құрметтеп, қадірлеген. Солардың ең алғашқысы - егіншіліктің бастауы болған Хоу - цзы (Патша - Тары).

Аңыз болғанмен тіршіліктің басы, аяғын философиялық тұрғыда меңзейтін оны, шағындап айтқанда, адамды алғаш өмірге әкелген Ілкі Ана Құдай ғарыштан жерге келіп, сәбиін қалдырып кетеді. Бұл бір сулы, нулы, жайлы жер екен делінеді, жазда жайылымға шыққан сиыр тұқымдас буйволдар өзенге суатқа келгенде әлгі сәбидің қатты жылаған даусын естіп келіп емізіп жүрген. Содан бала жылауын қояды, ал буйволдар болса, күздің салқыны түсе жылы жаққа ауатын болғанда сәбиді алып кетуге қолдары жоқ, амалсыз қыймастықпен қоштасады.

Бала қайта жылаумен дауыс шығарады. Оны естіген күзгі жортуылда жүрген қасқырлар тауып келіп енді ауыздарын аша бергенде жоғарыдан аяқтары ұзын екі дәу құс келіп, баланы көтеріп әкетеді де ұясына апарып салады. Ұяда беретін тағамы - құстардың даладағы дақылдардан жинаған дәндері. Сәбиді осылайша бағып күтумен құстар бір оралғанда бала ұяда жоқ болып шығады, жан жағын шолып қараса бала жерде бір тұрып, бір еңкейіп қолдарындағы ағаш бұтағының сынығымен жер шұқылап жүргенін көріп, бала тіршілікке бейімделген екен деумен орман үстінен тағы бір айналып, аппақ қанаттарын желпумен қоштасып кете барады.

Сөйтсе бала қолындағы ағаш бұтағымен топырақты қопсытып құстар әкелген дәндерді сеуіп жүр екен. Ілкі ана Құдайдан тараған адамдар да көбейсе керек, тағамдық азық табу қиын, олар бала тұрған жерге келгенде алқапқа таңданыспен қарайды, егістіктің жан жағында жалау секілденіп мәулеп бұршақ өскен, әріректе сары түсті асқабақ, қатарласа тізілген алтын бидай жайқалады, егістік кенешөп те сарғайып қалған. Әсіресе тары дақылы көркімен көз тартады. Масақтпен масақ, дәнімен дән иықтасқан. Қос дәнді қара тары, қою масақты қызыл тары. Ақ тары көз жауын алғандай. Әлгі адамдар бұл дәнді өмімдерді білмейді емес. Алайда олар негізінен қалың шөптесін араларында сирек кездескендіктен таптыра бермейтін. Енді міне, арамшөптерден тазарған егістікке таңданыспен қарап тұр. Сәлден соң тары алқабы екі жарылып ашылды да арасынан ғайыптан тайып бала шыға келгенде егістікке тамсанып тұрғандар: «Хоу - цзы! Хоу - цзы!» деумен шулап дүрлігеді. Ол қытай тілінде «Патша - Тары» деген сөздің бұл егістіктегі әлгі айтылғандай, өзге өнімдерге емес, нақ тары дақылдарына телінуі назар аудартады. Содан да болу керек, Қытау - күні бүгінге дейін тары дақылының отаны есебіндегі ел. («Книга для чтения по истории древнего мира». Москва. «Просвещение», 1981. стр. 106.)

Аңызда осылайша, алғашқы адамдардың шағын тобын Тары - Патша - Хоу – цзы егін өсірудің қыры – сырына үйретті делінеді. Ал ХХ ғасырда орасан мол өнім алумен бүкіл дүниені таң – тамаша қалдырған Тары – Патша Шығанақтың қайталанбас ісі «Берсеевшілдер» атуымен бүкіл Кеңес Одағында жаппай өрістеді. «Тары». Алғашқы қауымдық қоғамда терімшілдіктің нысанасына айналып, кеңінен пайдаланылған. Ол гректер мен Цезарь заманындағы римдіктерге де мәлім еді. Страбон бұл дақылдың Галлияда оның аштыққа қарсы сенімді дақыл болғандығын еске салады. Плиний де нақ осы пікірде болған («Словарь античности» из-во Прогресс, Москва, 1988 г.стр.466).

Сонда үш мың жылдан астам тарихы бар тары дақылын өсірумен айналысатын дүниенің үш құрлығында тек Ойыл ауданының Қарасу аталған шөлейт топырақты шағын алқабынан дүние жүзінде бұрын-соңды болмаған жоғары өнім алуға алпыс жастан асқан қарапайым қазақ шалы қалай жеткен? Мұны дүниетанымы тар көпшілік әрине түсінбейді. Үлкенді, кішілі биліктің басында отырғандардан да түсінік дәметпейсің. Түсінуге деңгейлері жетпеді.

Осылайша елдегі билік әліге дейін ұлтымыздың мақтанышына есте жүрерліктей бір дұрыс атау табуға жарамай, «болмайтынды болдырған» ұлы адамды өзі де ұмытып, өзге жұртты да ұмыттырумен келеді. 1943 жылы дихан соңғы рекорттық өнімін алғанда Кеңес Одағы ғылым академиясының академигі, биолог және агроном ғалым, Одақтағы өсімдіктер ғылыми академиясының президенті Трофим Лысенконың Шығанаққа жеделхатында «сіз ғылым болжағаннан асып өнім алдыңыз» деуі біздің әрқайсымызды «ғылымның болжауынан» деген не екенін ойландыруға тиіс еді. Оны академик түсінді. Оны түсініп атақты неміс ақыны, драматург Бертольд Брехт Германияда жүріп таңданумен «Тары» деген дастан жазды. Түсінгесін Ресей жазушысы Шығанақ туралы эссесіне, назар аударыңыз, «Болмайтынды», иә «Болмайтында болдырған адам» деп тақырып қойды.

Иә, олар түсінді. Біз әлі түсіне алмай келеміз.

И.Сталиннің Шығанаққа телеграмма арқылы шайқастағы армияға көмек ретінде көп көлемдегі астық бергені, самолет, танк колонасын жасақтауға 50 мың сом ақша бергеніне алғыс айтатыны да осы 1943 жыл. Сталин алғысын шашыратпаған көсем еді. Дихан бұдан да бұрын, шамамен 1940 жылы, өнім алудағы екінші рекорды елдегі ең жоғарғы награда – Ленин орденімен марапатталып, «Правда» газетінде көлемді мақала жазылғаннан кейін атағы Одаққа тарап, көп жерлерде тары дақылын өсіру «Берсиевшілер қозғалысы» атауымен кеңінен өріс алған болатын. Осылайша, жаппай жігер тудырған ізгілікті өрлеудің әсіресе, Ақтөбе өңіріндегі көріністері Шығанақтық рекордқа жетпегенімен қарқындылығымен сүйсінтті. Диханға алғыс айтып, тәржірибесін бөлісуді сұраған хаттардан осы жылдары бір үзіліс болмаған. Шығанақтық тары ашыққан елге азық болды.

Сол 1943-тің жазында үкімет басшысы Мәскеуге Шығанақпен өзі бірге барып, диханның денсаулығын Кремльде тексерткенде дәрігерлер Нұртас Дәндібайұлына сырқаттың дендеп кеткендігін, енді бой бермейтінін айтқан. «Біз бұл жағдайды күйзеліспен қабылдап, диханға басқаша айтудың амалын таппай «дәрігерлер қорқынышты ештене жоқ, дейді, жазып берген ем-дәрісімен жақсарып кетерсіз» деп қимастықпен мұнайып елге шығарып салдық, дейді Оңдасынов естелігінде. Ол елге оралғаннан кейін көп ұзамай орылған егін, диханның соңғы егісі гектардан 201 центнерден алынған өнімді көрсетіп, бұл туралы хабар тез тарап, дүниені дұр еткізді. Мәскеулік қаламгер Геннадий Фиш Шығанақтың таңғаларлық табысына таңдай қаққандай етіп «Болмайтынды болдырған адам» деген очерк жазып, әлемнің көп елдері атақты неміс ақыны драматург Бертольд Брехтың «Тары» деген дастанын оқыды. Америка хабарларында Шығанақты «тары докторы» деп атады. Бүкілдодақтық ауылшаруашылығы ғылымы академиясының президенті, академик Т.Лысенко диханға жолдаған жедел хатында «сіз алған өнім ғылымның болжауынан да асып кетті» деп жазды, дедік жоғарыда. Осылайша Кеңес Одағының басылымы Шығанақты айдай әлемге «Болмайтынды болдырған адам» деп жазса, есімі дүние жүзіне мәлім академик дихан өнімнің түсімі «ғылымның болжауынан да асып кетті», ал алыстағы Америкада оны «тары докторы» десе, осы адамға бір дұрыс атау беруді қимайтындай біздің елге не көрінген? Феноменнің табиғатын танып, тап басып айтуға біздің біліктік деңгейіміз жетпеді... Үш ғасырлық патшалық пен қызыл езгідегі санада әлі жүрміз. Бұл екі пікірді де тегін айтылған дей алмайсың. Бірі - ірі державалы елдің өсімдік әлемі ғылымының жетекшісі, солай айту керектіктен айтқан. Екіншісі-Америка Құрама Штаттары - ғылым мен техникада дүние жүзіндегі ең озық ел, көптеген өзге жұрттың үлгі алар жері осы АҚШ. Бүгінгі ұрпақ біле бермеуі мүмкін, ол әрине ғылымның есебінде, өткен ғасырдың жиырмасыншы жылдары дүние жүзі бойынша пайдалы өсімдіктер тұқымдарын жинау, сақтау және пайдалану мақсатында жүргізілген экспедициялардың алғы шебінде болған нақ сол американдықтар. Олар Шығанаққа теліп «доктор» деген дәрежені, атақ пен мәртебені тегін айтпаса керек. Өсімдіктің құнын білетін ел. Соның бір мысалы елдің әйгілі ботаник ғалымы Рок алапес ауруын емдейтін өсімдіктің барын естумен осы кезге дейін ақ адам аяғы баспаған алыс Сиамның (қазіргі Таиланд) таулы, шатқалды жерлерін қауіп-қатерге қарамастан аралап, әлгі өсімдікті тауып оралған.

Бұлар Шығанақтың тары дақылын өсірудегі теңдессіз көрсеткішінің растығын мойындаған шетжұрттың шынайы лебізі екендігін еске салу. Сонда, сөз жоқ, дихан өсімдіктер академиясының президенті, одақтық ғылым академиясының академигінен, дүниедегі ең озық ел Америка тарапынан әлгідей бағалауға қалай жеткен деген сұрақ тууы әрине орынды. Ондай сұрақ жоқ. Жоқ екендіктен айтайық-мұндай сұраққа бір ғана жауап сөз шығады, ол – таным. Осы сөзбен байланысты италиандық ақын Франческо Петрарканың (1304-1374): «Танымнан өзге ләззат бар деп білмеймін.» - деген сөзі еске түседі. (Петрарка, «Росад». Москва. 1997 ж.).

БОЛМАЙТЫНДЫ БОЛДЫРҒАННЫҢ СОҢЫ

Осы ұғымды бекіте түсетін тағы бір дәйек - белгілі жазушы-журналист, қоғам және мемлекет қайраткері, академик Бауыржан Омаровтың Қаныш Сәтбаев туралы жазған «Қаныштың құпиясы» материалындағы ежелгі латын мәтелі еске түседі: «Тамшы тасты теседі күшпен емес, көп тамып, адам ғалым болады күшпен емес көп танып» («Егемен Қазақстан». 12 сәуір, 2025 жыл). Ол атыздардың бойында күні бойы кетпен арқалаумен егістікте тек қара күшпен күн кешкен шаруа емес, оның үлкен ұлы инженер Махмудтың естелігі бойынша жазылған «Шығанақ Берсиев» кітабында айтылады, өзге жазбаларда кездесе бермейді: ол егінді баптау, күтудің генетикамен, биологиямен, математикалық есеппен, селекциямен, тыңайтқышты үстеумен байланысты ғылыми нормаларды, тәсілдерді туабітті зерде, зейін қуатымен игерген адам. Селекциялық тәсілдің нәтижесінде дақылдың «Шығанақтың ақ тарысы», халық арасында «Ақбикеш» атауымен тарының жаңа сорты пайда болды. Салмақтылығынан басын әзер көтеріп тұратын келдектің біреуін қолмен үгіткенде бес мыңнан астам дән шықты. Орта есеппен екі мың дәнді кез келген келдектен алуға болады» («Қазақ әдебиеті». 4 том. 587 бет. Алматы. 1979 жыл). Шығанақ егінді күту, баптау барысында күннің сәулесін, айдың жарығын, ара-тұра Каспий теңізі жағынан соғатын шынбын-шіркейлі желді де есепке алған. Дихан осы секілді өзге де ТАНЫМДЫҚ, тәжірибелік сыннан өткен істерін үнемі жетілдіру арқылы жылдан жыл өткен сайын өнімді ұдайы молайта түсумен 1943 жылы «болмайтынды болдырып» дүниеде енді қайталануы сұрақ тудырған рекордқа жетті. Ал бізге, кейінгі пенделерге, ол еңбекке жарамдының барлығы соғыста, ауылда қалған азын-аулақ, белдері бүгілген кемпір, шалдар мен кетпенді қолдары шаққа көтеретін балалардың істері сияқты көрінетіні таңдандырады. Шығанақ тек соларды бастап қана жүрген секілді. Ең өкініштісі осылай пайымдаудың үлкенді-кішілі биліктің басындағыларда да бар екендігі қайран қалдырады.

Ел ішінде «қазақтың қара шалы» деген сөз тіркесі сирек кездеседі, бірақ айтылады. Сиректік себебі ол тек әйтеуірі айтыла салуға жатпайтын ұғым. Ұмытылса бүгінгі цифрлық, информациялық жасанды интеллект, бір күнінен бір күні жылдам зырлап өтіп жатқан заман енді қажет етпегендіктен ұмытылған болар. Ал өткен уақыттарымызда «қара шал» хан, би түсіп ақылдасатын тұлға болған. Бұл тіркестегі «шал» сөзінің мағынасы баршаға мәлім – қариялық жастағы адам.«Қара» көп мағыналы сөз ретінде мұнда мысалы, түсті білдірмейді, «күш, қуат, молшылық, көптік» сияқты көтеренкі айтылатын мағыналарға меңзейді. Ал ол мына тіркесте ақыл, ес, қайрат, қуаты қалпындағы шалды бейнелейді.

Шығанақтың кім екендігін кәдуілгідей үйреншікті бір тұжырымға сыйғызып айту мүмкін емес. Оның білімі, болмысын, табиғатын тануға философияның пайымдары ғана көмектесетінге ұқсайды. Жоғарыда айтылғандай, Шығанақ туылымынан сабырлы, қандай жағдайда да асықпайтын, аптықпайтын, ойлап сөйлеп пішетін алысты да, жақынды да тең көріп қарайтын, әділдігі әр ісінен аңғаралатын тұлға болып қалыптасқан адам. Оның өмірін зерттегеннің осыған көзі жетер еді. Осы реттердің есебімен келгенде, ол философиядағы стоицизмді еске түсіреді. Біздің жыл санауымыздан бұрынғы 3 ғасырда өмірге келген ілім әлі күнге дейін өмірдің қандай күрделі, қатал жағдайларында да азбай, тозбай, қалыпты өмір сүре білудің сабақтарын үйретумен келеді. Бұл диханға үйренумен келген ілім деу емес, ол философия пәнін мүлдем білмеген адам, оның әлем таныған Шығанақ болып қалыптасуына жаратқан о баста дарытқан әлгідей стойіктік мінезбен қандай жағдайда да ауытқымай өмір сүргендігін көрсететін сипат.

Көне замандағы ұлы грек Гераклит (540-480 жж.) айтқандай: «мен ешкімнен ақыл алған жоқпын, өзімді өзім зерттедім, өзімнен өзім үйрендім» сөзін агробилогия, агротехника, ботаника ғылымдарын оқулықтар арқылы игермеген Шығанақ айтқан екен десе де артықтығы жоқ. Айта кету керек, стоицизмге (сірә оны қазақшылағанда «орнықтылық» деуден алшақтығы жоққа ұқсаса керек) даралық іс, адамгершілігін жетілдіре беру мақсаты тән ілім. Большевизмдік қасырет тұсында сол орнықтылықтан аумай, адамгершіліктің нысаналары: қарапайымдылықты, шашырамауды, шалдықпауды, өзгермеуді, әділетке деген бейімділікті, қолға алған ісіне деген табандылықты сақтап қалу ойланғанға оңай істер емес екендігі белгілі. Баласы инженер Махмудтың естелігі бойынша жарық көрген кітаптан басқа жерде жоқ, Шығанақ өз білігін айналасынан үйренген адам емес, өзінің рухы арқылы тапқан. Стонцизм орнықтылық іліміне сәйкес жақсылық пен жайлылыққа жеткізетін жол екеу ғана: философиялық тағылым, яғни адами ерік-жігерлі ақыл-ес, сосын руханилық. Диханда осы екеу де болғандығын кітаптан табылады. Ғалым болу ғылымда оқып-білуден десек, дана болу адамның өз табиғатынан. Шығанақтың өміріне көз жібергенде танымдық-тарихи осындай бірер сәйкестілік көлденеңдей беретін секілді. Сәйкестік-салыстырылмалы ұғым, оның шекарасы жоқтықтан танымы алыс, уақыты ой да жетіп болмайтындай ұзақ болуы әбден мүмкін. Біздің әніміздің өрісіне байланысты бұдан елу ғасыр – 5 мың жыл бұрын тастан тұрғызылған Египет пирамидалары еске түседі. Осы кезде жоғарғы және төменгі делініп екіге бөлініп келген Египет бірігумен жер бетіндегі алғашқы өркениетін бастағанда елдің патшасы-фараон Джосер Құдай деп танылумен құдайлық істерге кіріскен. Бұған дейін ағаштан, қамыстан, шикі және күйдірілген кірпіштен салынған үйлер енді бұл өңірде бұрын соңды болмаған Джосер фараон-Құдайды бейнелейтіндей тастан тұрғызылған ғаламат құрылыспен таңдандыру керек болды. Жаппай діни наным-сенімнің уақыты-фараон - Күннің ұлы, Гор құдайдың жер бетіндегі көрінісі, Осирис (Өсіріс) Құдайдың жердегі ізбасары-ойға алған құрылыс осыншалық ұлылықтың таспен қаланған көрінісі ретінде керек болған.

Ол заманда үйлерінің сиқы әлгідей, құрылыс өнері жеке адамдардың ойы, сезімінде болмаса, жүйелі оқуда, үйренуде, ғылыми тәсілдермен ұштасқан тәжірибеде мүлдем жоқ іс екені мәлім. Алайда елге бір емес үш Құдайды бейнелеп келген фараон «болмайтынды болдыра алмаса» қай жері Құдай, өзінің қолынан келмесе дананың қолынан келеді, ел ішінен сұңғыла жандар табылмай қоймайды, табылады.

Сөйтіп, адамзат тарапында сірә, алғаш рет «дана» деп айқындалған тұлға пайда болған, ол – Имхотеп – ақыл мен істе жан-жақты даналығымен кейінге таңбаланып жеткен жоғары деңгейдегі діни қызметкер, білігі жазушылықта, медицинада да дәуірлеумен екі рет Құдай атағында болған адам. Джосер патшаның тұсында барлық пирамидалардың құрылысына басшылық еткен нақ осы Имхотеп. Әрқайсысының салмағы 2 тоннадан асатын қашалған, тегістелген тас бөліктерін 147 метр жоғарыға көтерумен, арасынан пышақтың жүзіп өтпейтіндей шеберлікпен қиыстыра қаланған құрылысты атқарудың тәсілдері бес мың жылдан бері «ғылымның болжауына да дес бермей» аңыз күйінде қалып келеді.

Реті келгесін айта кету керек болып тұр-біз, қазақтың перғауын деп жүргенінің пирамидаға да, фараонға да қатысы барға ұқсайды. Пирамиданың ілкі атауы пер-о египетінің «үлкен үй» деген ұғымынан пайда болған-перғауын. Ал Осирис құдайыдың есімі дана Олжасымыздың зерттеп, дәлелдеуінде түбірі «өс», одан ұлы лингеист-ғалым оны зерттеудің барысында аудара қарап, ақтара тексерген әлемдік сөздіктерде бұл сөз қазақтан өзге бір де бір тілде кездеспеген яғни, қазақтың төл сөзі.

Екінші сәйкестік жоғарыда айтылған әлгі стоицизм, үшіншісі – Ватикандағы Сикст капелласындағы көркем өнердің ғажайып туындысы – Микеланджело Буонароттидің Інжіл тақырыбындағы фрескалары. Рим папасы «мен суретші емеспін, мүсіншімін» деп тартынғанына қарамастан күмбезді көркемдеуді Микеланджелоға тапсырған еді. Сол күрделі іске 33 жасында кіріскен ұлы шебер биіктігі отыз метрге жуық ғимараттың күмбезіне төрт жыл бойы тік тұрумен суретті ұдайы шалқалап салғасын 37 жасында буын ауруы, омыртқалардың қисайуы, жоғарыдан ұдайы тамған бояу тамшыларымен құлақ ауруларымен шықты. Төрт жыл бойы шалқайып сурет салғандықтан басы төмен қарауға игілікпей шалқайып отырып оқитынға тап болған... Содан бері бес ғасыр өтті, көркемөнердегі шедевр адамзатта таңдандырумен әлі тұр. Шығанақ о бастан диханшылықтың адамы емес еді. Ел ара-тұра отырықшылыққа ауысққанынан кейін күн көріс көзінің бір амалы ретінде Ойылдың қуаң даласында климаттық жағдайында бірде өнсе, бірде өнбейтін тары дақылын ашқұрсақ ауыл тұрғындары шағын қырлық алқапқа өсіретін. Кейін, етектегі Ойыл суын түйешығыр арқылы жоғары көтерудің мүмкіндігі табылғанда егіс көлемі ептеп ұлғая бастаған.

Енді суарма жағдайында өнімнің молаятынын көргеннен кейін Ақтөбе қаласынан су шығаратын құрылығыға қолы жеткенде барып, дақылды өсіріру мен өндіруге түбегейлі кіріскен. Арғы жағы белгілі... Италияндық шебер әлемді таңдандырған шедеврді әлгідей ауруларды жамап төрт жылда аяқтады. Шығанақ «болмайтынды болдырып», «ғылымның болжамынан да асып» америка тарапынан «тары докторы» деген атаумен бесінші жылды әлемді таңдандырған ең үздік рекордпен, өте ауыр сырқатпен аяқтап, келесі 1944 жылдың көктемінде өмірден өтті.

Тары дақылын өсіруге 60 жасында ғана ден қойып айналысқан қазақтың қара шалы не бәрі бес жылдың ішінде дүниеде бұрын сонды болмаған көрсеткішке жетіп әлемді елең еткізген «Дана шал» атанып өткенде енді оны ел есінде сақтау мақсатында Нұртас Ондасыновтың басшылығымен мемлекеттік комиссия құрылып, бірқатар шараларды жүзеге асырудың міндеттері белгіленген болатын. Шаралар соғыстың төртінші фазасындағы елдің аса ауыр жағдайын есепке ала отырып жасалғандықтан, республика деңгейінде де, жергілікті жағдайда да орындалу мүмкіндіктеріне негізделген еді. Алайда, 1951 жылы Нұртас Дәндібайұлының басқа қызметке ауысуымен ол шаралар шикілі-пісілі күйімен қала берген.

Сол қала берудің ақыры бүгінде атақты диханды елде ұмытыруға әкеліп отыр. Бүгінде Шығанақ есімі аталғанда еске түссе екі дерек қана еске түсуі мүмкін. Оның бірі – кітап-жазушы Ғабиден Мустафиннің «Шығанақ» романы. Екіншісі – рекордтық өнім алынған далалықта – кезінде «Қарасу» деп аталған егіс алқабындағы жалғыз тұрған, белгілі сәулетші Төлеу Бәсеновтың жобасымен 1947 жылы салынған «Даңқ мұнарасы». Содан бері сексен жыл өтті. Ол сәулетшінің пайымы бойынша теңдессіз өнім алынған жердегі еңбектегі биіктікті бейнелейтіндей мағыналы ескерткіш ретінде тұрғызылған. Оны жоғарылап көтерілу үшін жасалған айналма баспалдақ бір жағынан диханның рекордқа жетуіне өрлеуді меңзесе, екінші жағынан атышулы аңыз – тарих Зиккурат мұнарасын еске салатын сәулеттік өнер. Сол қайран ақшаңқан ескерткіш ешкім бармайтын, ешкім келмейтін күйінде айдалада, шөптесін жазықта сексен жыл шамасынан бері қалқиып жалғыз тұр. Далада тұрған тарихи – сәулеттік ескерткіш емес, қашан тұрғызылғаны, қалай, кім тұрғызғаны бимәлім ұмыт қалған көне мазар секілді. Ешкім тәу етіп бармайды, ешқандай жол жоқ. Осы жерге, жоғарыда айтылғандай, екі қанатты қарапайым аэропланмен әдейі келіп, диханмен пікірлесіп, кейін ол өмірден өткенде оны есте қалдыру үшін өзге де шаралармен бірге осы «Даңқ мұнарасын» тұрғызуға тәртіп берген қайран Нұртас Оңдасынов - сол кездегі үкімет басшысы еске түседі. Бүгінде ол ескерткішке тіпті ауылдық округтің басшысы да аяқ баспайды. Иә, бүгінгі елдің басшылығы да, қосшысы да Шығанақ феноменін мәнгүрттіке салынып ұмытумен келеді. Роман сол жарық көрген қырқыншы жылдың өзінде елеулі сынға ұшырады. Оны автордың өзі де мойындады. Бұл пікірлер 2005 жылы Ақтөбе қаласындағы «Нобель» баспаханасынан жарық көрген «Шығанақ Берсеев. Тағдыры мен тағылым» деп аталған кітаптың 129-бетінде берілген. Тоқетерін айтқанда, романда большевизмнің насихатындағы еңбекқор, «социалистік жаңа қоғам шаруасының алдыңғы шебінде» жүрген Шығанақ бар секілді, алайда қалайша «болмайтынды болдырып» әлемді таңқалдырған, көркемдік қуатпен лайықты сомдалған Шығанақ мүлдем жоқ. Бірақ бұл пікірді тек тұлғаны толық сомдау деген үміттену, дәмелену тұрғысында ғана айтуымыз керек шығар. Әйтпесе қазақ көркем әдебиетінің бүкіл тарихында Абайдың концепциясындағы Шығанақ сияқты «толық адамды» толымды етіп бере алудың мысалы әзірге жалғыз. Ол дана Мұхтар Әуезов, «Абай жолы» эпопеясы. Заңғар жазушы Мұхтар Әуезовтың эпопеясы ұлы Абайдың биік поэзиясы мен терең ойшылдығын талдауға арналған шығарма емес, олар әдебиеттану, философия ғылымдарында Зерттеліп, зерделеленген, жазушының мақсаты – кемеңгерліктің сыры мен сипатын көркемдік қуатпен ашуында. Тарихты жасайтындар көпшілік емес, өмірге сирек келетін көрнекі перзенттер. Сондықтан да қазақ дегенде Абай еске түседі. Халық серкесі барын сезінгенде ғана түзу жолын көріп, жөнге түспек. Сойып келгенде, тарих дегеніміз адам, адамдар-ұлттың ұлық перзенттері. Халқымыз Абайын тапты, алайда ұлы ақын жалғыз емес, болмас білімі Абай тектестікте ашылуға тиіс көрнекті перзенттеріміз дана Мұхтар сипаттағандай көркемдік күш-қуатпен ашылуын күтулі. Олар елге, тарихымызға, ұрпаққа керек: ғылымда-Шоқан, ағартуды-Ыбырай, батырлықты-Бауыржан Момышұлы, елдік сарында-Өзбекәлі... Шығанақ осы қатарда. Шығанақ тақырыбы әліге ашық тұр. Елде, өңірде «шығанақтанушылар» жоқ, ұлы адам еді деп даталы кезеңдерін атап өту де көрінбейді. Осыдан жиырма жыл бұрын бір топ жанашырлардың диханның туғанына 125 толуын атап өту жөнінде мәселе көтергені есте. Өңір билігі оған да назар аударғаны шамалы еді, тек республикалық «Егемен Қазақстан» газетінде, 2005 жылғы 24 тамыз күнгі санында «Шығанақ ол – қазақ елінің еңбек паспорты» деген көлемді мақала жариялағаннан кейін ғана мойын бұрған. Сол шараның өту барысында Ойыл ауданы орталығындағы музейге диханның есімін беру мен егін салған Қарасу жеріндегі шағын ауыл мектебіне оқу құрал-жабдықтарын тапсырудан өзге есте қалғанлықтай шаралар көрінбеді. Ал Ақтөбе қаласындағы ауыл шаруашылығы колледжіне Шығанақ есімін беру ұсынысы араға он алты жыл салып барып орындалып, кеуде мүсініне облыс орталығы алаңдары бірінен орын табылмағандай қаланың шығыс шетіндегі елеусіз түкпірге апарылып қойылды.Ұлы адамның ескерткіші бұлайша түкпірде тұрғаны елден ұят, жарқын жарық жерге шығару керек деген ұсыныстар кезектесіп келген бес әкімдер қатысқан жиналыстарда айтылғанымен, әлі сол түкпірде тұр. Өзімізге өзіміз «қандай елміз,ә?» деп сұрақ қойғандаймыз. Астана да бір көшесіне есімін беруді қимай келеді.

Шығанақтанушылар, зерттеушілер болған емес. Жазушы Ғабиден Мұстафиннің романы қашан, қайда, қалай жазылғанын көп оқырманның біле бермесі анық. Еске сала кетуге болады, жазушы дихан қайтыс болғаннан кейін 1944 жылы кітап жазуға арнаулы тапсырмамен Ойыл ауданына жаз айында келеді. Бұрын көрмеген өңір, жұртының таныстығы жоқ. Соғыс әлі өршіп тұрған шақ, шал, кемпір, әйелдер, бала-шағадан басқаның бәрі майданда. Аудан басшылығындағылар құғын сүргінде әлі бірі кетіп, бірі келіп жатқан жылдар. Жазушының дихан туралы сұраған сұрақтары осы ортада. Олар алапат ашаршылықтан азып, тозумен шыққан, елде құғын – сүргіннің қалың бұлты әлі тұтасып тұрған қатерлі шақ, саясатпен үйлеспейтін артық – ауыс сөз үшін айдалып, атылып кетіп жатқан уақыттың адамдары жазушының сұрақтарына күдікпен қарап жартымды дерек бере алмаған, оның үстіне, әрине жазушының ойынан шығатындай пікір айту сірә жоқ. Осы жағдайда ел ішінен естілгенін, білгенін жинақтаған жазушы бар болғаны екі ай шамасы жүріп, жылдың қалған төрт, бес айында жазуды аяқтап, 1945 жылы баспадан шығарады. Яғни романда назар аударлықтай татымды деректер жоқ деген сөз. Осындай себептердің де әсері болса керек «шығанақтанушылық» осы кезге дейін дербес зерттеу ретінде көрінген жоқ. Әрине танымдылық-білімімен айналысу, алдымен ғылыми тәсілді қажет ететіні белгілі. Бүгінде оқырманның қолына тиіп отырған «Тары тарих қаты» деген кітаптың дихан туралы өзге басылымдардан ерекшелігі-алғаш рет оны ғалымның дайындауымен жарық көргендігінде. Филология ғылымының докторы Бейімбеттанушы жазушы-журналист, қоғам қайраткері Серікқали Байменшеге Шығанақ танымдық жағынан да, тақырып жағынан да жақын. Ол сексенінші жылдары Ақтөбе облыстық газетінде қызмет істеді. Елдегі басқамыз не енжарлықтан, не ауырсынғандықтан 1948 жылы Одақтық «Огонек» журналында орыс тілінде жарияланып, содан бері қазақшасы болмаған Ресейлік жазушы Геннадий Фиштің Шығанақ туралы жазған көлемді көрнекі очеркін 1986 жылы алғаш рет С.Бәйменше тәржімелеп айналысқа енгізді. Кейін шығармашылық ғылымдық, мемлекеттік жоғары лауазымды қызметтерде жүргенде қандай ісінде де елдікке мән берумен келе жатқан тұлға. Мәскеуде Бүкілодақтық статусымен жұмыс істеген әйгілі көрме екі рет жабылып, үшінші рет енді Ресей федерациясының өз меншігі ретінде жиырмасыншы жылдары бұрынғыдан да көріктендіріліп қайта ашылғанда бұрынғы Қазақстан павильоны аталған енселі ғимараттың алдыда Шығанақ пен Жамбылдың монументальді статуяларының сол бұрынғы көптің көзі үйренген қалпында тұрғызылуында, сөз жоқ, сол тұста Қазақстанның Ресей Федерациясы елшілігінде жауапты қызмет атқарған ғалым, қайраткер Серікқали Баймешенің еңбегі бар. Шығанақ дана, даңқтың туғанына 145 жыл толуы қарсаңында дихан өмір сүрген кезеңде дихан турасында әртүрлі басылымдарда жарық көрген, бірақ осы кезге дейін бимәлім материалдарды араб, латын тілдеріндегі мәтіндерден аударып, жинақтап шығарған жаңа кітап сонылығымен, ұлы диханның есте қалмаған өмір жолдарын зерттегенге, зерделегенге мүмкіндік мол екенін аңғартатын туынды.

Ал әзірге әлемге айтулы еңбекті қазақтың қара шалы болып бастап, өмірін тану, тоқу арқылы ғалымдыққа жеткізіп, дүниені дүр еткізіп таңдай қақтырумен аяқтаған дана шалды ұмытумен келеміз. Неге екені белгісіз, алайда бізден басқа тіптен алыс елдер оны ұмытпайтынға ұқсайды. Ұмытпағандықтан Германиядан 2006 жылы Ойылға Шығанақты іздеумен екі зерттеуші келді. Олардың сонда егістікте тарысы жоқ бұл жақтан не көріп, нені түсініп, қалай оралғандарын еш адам білмейді. Дүниеде тары дақылының 400 түрі бар екен, олар Азияның, Американың, Африканың қоңыржай климат белдеулерінде өседі. 2023 жылдағы тамыз айында Жапониядан Ойылға Шығанақ феноменін қырық жыл зерттеумен айналысып жүрген «Осака Гакуин» университетінің профессоры, этноботаник ғалым Эмика Такеи келді. Осака – жан – жағындағы аралдардағы он бес миллион тұрғындары бар шағын қалалар мен ұсақ елді мекендерді агломерацияға біріктірген, көлемі мен экономикалық қуаттылығы жөнінен Токиодан кейінгі екінші ірі орталық.

Аталған университеттің профессоры, өсімдік әлемі бойынша халықтық білім, ілімді жинақтау мен жүйелеу ісінің маманы, этноботаниктің бес мың жарым шақырымнан ұшақта он сағат отырумен Алматы - Ақтөбе қаласына, одан Ойыл ауданына жеткендегі мақсаты – өзі қырық жыл бойы зерттеумен келе жатқан, шығанақ өсіріп даңққа бөленген тары дақылын өсіру мен жинаудың дихандық тәсілі мәліметтерімен жете танысу екен. Әйтпесе, құрамынан протейн, крахмал, ақуыз, май мен қант заттар бар, өңделгенде қалдықтарына дейін мал азығына пайдалы, бөккенде алты есеге дейін ұлғайып тоқтық ететін тары дақылын өсіру мен жинаудың агрохимиясын, агротехникасын іздеп келмеген. Содан ол Ойыл ауданынан нені көрді? Ештеңе. Шығанақтың есімін әлемге әйгі еткен егістігі шөптесін өсімдіктермен мүлгіп жатты. Ғалым сол ұзақ жылдардан бері даңқты диханың елі мен жерін көріуді, ол жақта дақылды қалай өндіріп, қалай жинайтынын көруді арман етумен келген екен. Бұл дерек облыстық «Актюбинский вестник» газетіндегі он төрт жолдық информациядан ғана мәлім болды, басқа республикалық, облыстық басылымдарда мұндай хабар кездеспеді. Ал оған республика, облыс билігінің мән бермегеніне таңғалу жоқ,меніреулік қашаннан үйреншікті жағдай. Тары сөктік қалпынан тағам болып ауызға түскенше, мысалы, ұнға айналғаннан кейін тағам боларлық бидайдай емес, уақыт пен еңбекті қажет етіп бірнеше өңдеуден өткізілетін дәм екендігі болмаса, қоректігі, елуден астам түрлі тағам жасалатындығы жағынан, оның үстіне бұзылмайтын ас ретінде құндылығы қайсысынан да артық болмаса, кем емес дақыл. Біріккен Ұлттар Ұйымы 75-сессиясында 2023 жылды «Тары жылы» деп қабылдады... иә, біз ұмытып жүрміз, нені, кімді ұмытып жүргенімізді білмеумен келеміз.

Отаршылдықтың ауыр қамытынан шыққан, Кеңес Одағы деп аталған саяси құрылым елге большевизм деген зорлық – зомбылық қамытын кигізумен өткізген жетпіс жыл өз құрамында құрсалған ұлттар мен ұлыстарды ашаршылықпен, құғын – сүргінмен, дамуы жоқ жоспарлы экономикасы тудырған тоқырау, дағдарыстармен елді қан қақсатып кетті. Шығанақтың бүкіл өмірі сол жүйенің драмасы мен қасіретінде өтті. Жүйе тудырған азаптың бәрін де басынан өткерді, сөйте тұра адамгершіліктен, әділдіктен, ақыл – естен тайман, ауыртпалықтың қандайына да ілікпей, биік адамдық, жасампаздық қалпын сақтап қалғандығы таңдандырады. «Тәжірибеде көрінгендей, табиғат дарынды етіп жаратқанын да, ерекше сұлулық бергенін де бақытсыздыққа душар етеді. Өйткені екеуі де поэтикалық жаратылым». (Дени Дидро «Солон 1767 года»).

Бүгінгі түсінік бойынша жуйелі ғылыми оқуы жоқ, енді ғана есігін ашатын орта ғасыр әлі ұзақ алда, алыста сол ерте уақытта инженериялық істер мен ойды тек басында ғана ұстаған дана Имхотептің нұсқауы, басқаруымен тұрғызылған ғаламдық ғажайып құрылыс-пирамида әліге сол қалпында – бес мың жылдың шежіресі. Тағамдық құндылығы тас ғасырларынан ізделетін тары дақылы бұдан он мың жыл бұрын адамзат тіршілігінің терімшілік тұсынан күні бүгінге дейін үш құрлықтың ондаған елдерінде әлі жалғасын үзбеген дақылдың Шығанақ алған өнімі еш уақытта, еш жерінде қайталанбай әлі тұр.

Дүниеде мәңгілік жаратылым жоқ. Бәрінің де шегі бар. Мәңгіліктен үміткер египет пирамидаларының да тозатын уақыты келетін шығар. Ойландыратыны бұл емес, ойландыратыны-күрделі теория, теоремалар, формулалар арқылы жүргізілуге тиіс құрылыс өнерінің – оқуы, білімі, тәжірибесі жоқ алыс, өте алыс заманда ғалымға ғана тән тәсілімен мінсіз атқарылуы жұмбағында. Сөйтсе, ой жетіп болмайтын есептер, таңқалғандай тәсілдер мен айқын ережелер жазуға, сызбаға түспес бұрын қайда да, қашан да сирек даналардың басында болады екен. Имхотеп біздің ұғымымыздағы «ғалым» емес, оқу, тоқу көрмеген, тәжірибелерден өтпеген, бар білігі бір басында жүрген Дана адам, білімнің байлығын сәті түсіп керек болған жағдайда, керек жерде ашты-жұмбақ шешілді.

Адамзаттың бүкіл тарихындағы ең көне және сол күйінде сақталып қалған жалғыз ғаламат құрылыс-египет пирамидаларымен теңестіріп салыстыратындай өзге мысалы жоқ екендігі белгілі. Бұл әңгімеміздің атақты дихан Шығанақ тақырыбына кірістірілуі салыстыру емес, пирамида қайда, қуаң дала Қарасудың шағын егіс алқабындағы рекорд деп жүрген өнім қайда – мәселе ғылымда да емес, ғылымды тудыратын Даналықта-бұдан елу ғасыр бұрын сол «болмайтынды болдырған» не бәрі діни қызметкер Имхотеп пен осы заманда да «болмайтында болдыра білген» қазақтың қара шалы Шығанақтың туа бітті даналығының мәніне меңзейтін сипатында, қазақ ұлтының мерейінде.

Сөйтіп ұлы тұлғаның жұртшылықтың талабымен жасалған кеуде түкпірге, адамның өзі түсе бермейтін қалтарысқа қойылып, елде Шығанақтың елесі қалды. Мәдени вандализм деген осы.

Идош АСҚАР,
Ақтөбе қаласы.

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

Ойыл

Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров
Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көкжар көшесі, №69, 3 қабат
Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07.

Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады.
Таралымы 1287 дана. Тапсырыс 1724
Көлемі 1 баспа табақ, индекс 65525

**«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды.
Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2.
Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.**

АТАҚТЫ ТАРЫШЫ

(Шығанақ Берсеевтің іс-тәжірибесінен)

ДҮНИЕ ЖҮЗІНЕ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫН ТАНЫТҚАН ДИҚАНШЫ Ш.БЕРСИЕВТІҢ ТУҒАНЫНА БИЫЛ 145 ЖЫЛ ТОЛЫП ОТЫР. ОСЫ МЕРЕЙЛІ ДАТА ОБЛЫС КӨЛЕМІНДЕ АТАЛЫП ӨТЕДІ. МЕРЕКЕГЕ ДАЙЫНДЫҚ ІС-ШАРАНЫ ӨТКІЗУ ЖОСПАРЛЫ ТҮРДЕ ЖҮРГІЗІЛУДЕ. ОБЛЫСТА, АУДАНДА ДИҚАННЫҢ ЕРЕН ЕҢБЕГІ, ЕГІН ШАРУАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ІЗДЕНІСТЕРІН НАСИХАТТАУ МАҚСАТЫНДА ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯЛАР ӨТКІЗІЛДІ. АТАНЫҢ ТУҒАН ЖЕРІНДЕГІ МӘДЕНИ ӘЛЕУМЕТТІК САЛАЛАРЫНЫҢ МАТЕРИАЛДЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ БАЗАСЫ НЫҒАЙТЫЛЫП, МӘДЕНИ ШАРАЛАР ЖАЛҒАСЫН ТАБУДА. ГАЗЕТ БЕТТЕРІНЕ ЕСТЕЛІКТЕР, МАҚАЛАЛАР ЖАРИЯЛАНЫП, ДИҚАН ТУРАЛЫ КІТАП ТА ЖАРЫҚ КӨРДІ. МҰРАҒАТТАН АЛЫНҒАН МАҚАЛАНЫ ОҚЫРМАНДАРҒА ҰСЫНАМЫН.

Социалистік Отанымыздың белгілі тарышысы Ш.Берсеев жолдас колхоз құрылысының алғашқы күнінен бастап өзінің ауылдастарымен бірге ауылшаруашылық артеліне мүше болып кірді. Ол колхозда адал, абыройлы іс істеп өсті, жетілді. 1938 жылдан бастап, ол Ойыл ауданы (Ақтөбе облысы) «Құрман» колхозының звено бастығы болып жұмыс істеді, оны колхозшылар тарының бастығы, ақ тарының атасы дейтін еді...

Берсеев өзінің көп жылдар бойы іс тәжірибесімен, еңбек нәтижесімен агрономия ғылымына бағалы үлес қосқан Отанның атақты адамы. Ол мұндай даңққа совет үкіметі, колхоз құрылыс кезінде, Ленин-Сталин партиясының басшылығы арқасында ғана жетті. Берсеев және Берсвеевшілер - бұлар колхоз құрылысы туғызған жаңа адамдар.

«Жаратылыстағы тілсіз жауға қарсы тамаша техникалық құралмен күреске шыққан, жаратылысқа оны қайта өзгертуші көзімен қарайтын колхозшы егіншілік тарихының барлық кездерінде және халықтарда болмаған мүлде жаңа егінші болып табылады. (И.Мичурин).

Ш.Берсеев өзінің өмірінде үнемі тары егісін өсрумен шұғылданған, тәжірибелі егінші. Менің тары егудегі тәжірибем, - дейтін ол, «Егер өсімдікке, оның өміріне керекті жағдайдың бәрі жасалса, оған керек жарық, жылу және ылғал неғұрлым көп берілсе, өнімді көп алудың шегі жоқ екенін көрсетті. Суарма егіс салу – ауа-райы қандай болса да, егістен жыл сайын өнімді мол алуды қамтамасыз ету деген сөз. Берсеев 1940 жылы тарыдан бүкіл дүниежүзілік рекордтық өнім алды. Сол жылы Берсеевтің звеносы тарының әрбір гектарынан 125 центнерден өнім алды. Бұл тары егісінен мол өнім алу жөнінде жер жүзілік рекорд еді.

Сөйтіп қарапайым колхозшы Ш.Берсеев егіннен мол өнім алу адамның өзіне, оның жаратылыстың мылқау күшімен күресе білуіне байланысты екенін сипаттады. Ол Мичуриннің «біз жаратылыстың мейірімін күтіп отыра алмаймыз, оның бере алатынының бәрін алу - біздің міндетіміз» деген қағидасының дұрыстығын іс жүзінде дәлелдеді. Берсеев «жаратылыстың мейірімділігін күтпеді», оған қарсы күресті, егіннен мол өнім алды.

Берсеев жаңалық іздеп, өзінің тәжірибесін, өз колхозының жұмысын зерттеп, оларды қорытып, тарының тұқымын іріктеп, оны ірілетіп, тазартып Ойылдың ақ тарысын жасады, егін шығымын жыл сайын арттыра берді. Академик Лысенко Берсеев туралы былай деген еді: Алдыңғы қатарлы тарышылардың ішінде қазақ колхозшысы марқұм Ш.Берсеев тамаша нәтижеге ие болды. Ол осы кезге дейін дүние жүзіне белгілі, ешбір дәнде егістен алынбаған өнім - гектарынан 1200-1300 пұт астық алды. Сөйтіп,ол теория жөнінен мүмкін болған ең жоғары деген өнімінен де асып түсті».

Берсеев жақсы деген жерді таңдап алып, тереңдігін 22 сантиметр етіп айдап, айдалған жерді ізінше 3 рет тырмалайтын. Жер жыртудың сапасын қатты бақылап, участоктың және гектардың өн бойында жырту тереңдігінің бірдей болуын қамтамасыз ететін.

Берсеевтің ерекше көңіл бөлген мәселес і- тұқымды өсіру мәселесі. Мен тұқымды әзірлеуге үлкен маңыз беремін дейтін ол. Егістің тұқымын, әсіресе тары егісінің тұқымын дұрыс әзірлеу - бұл суармалы егістің әрбір гектарынан қосымша 20 центнерден өнім алу деген сөз. Сондықтан да мен тарының ең жақсы масақтарын, оның ішінде дәні толықтарын таңдап алып, сортқа бөліп іріктеп өсірдім. Ойылдың ақ тарысы ол жергілікті сорт болатын. Онда қосымшалар көп бірнеше тарының «атасы» бар еді. Берсеев жолдастың тарының бұл сортын іріктеп алудың нәтижесінде мүлдем жаңа сорт - Берсеевтің ақ тарысы туды. Шығанақ тұқымды іріктеп алу жолында үзбестен 5 жыл бойы қызмет істеді. Ол звено бастығына тағайындалудан 3 жыл бұрын ауданның колхоздарына сортты тұқым дайындап берді. Ол тұқымды іріктеу жұмысын үнемі жүргізіп отыратын. 1940 жылғы рекордтық өнімін де тұқымын өзі жасап шығарған. Берсеев уақытты және жер жағдайын қатты ескеретін, кей уақытта жерді айдайды, қай уақытта тұқым себеді, тұқымның мөлшері қаншама болады бұларды ол қатты есепке алатын. Ол былай дейтін: Жердің құрап кетпеуі үшін оған даярланғаннан кейін тұқымды тез және сапалы егу керек! Бұл Шығанақтың кәдімгі ежелден келе жатқан әдісі еді. Біз әрбір гектарға 18 кг тұқым сіңірдік.

Егістік жерді майдалауға көңіл аударып отыратын Берсеевтің звеношылары егістік жердің тырмасын біркелкі тегіс жүргізетін. Өйткені, олардың айтуынша, егістік жерді майдалау жердің бетін тығыздайды, тұқымға үнемі ылғал жеткізіп тұрады, өсімдік өмірінің алғашқы күндерінде оның қалыпты өсуіне мүмкіндік береді. Суарған кезде майдаланбаған жерге қарағанда майдаланған жерге су бір қалыпты барады.

Егінді егу астық үшін күрестің басталуы ғана. Егіннен мол өнім алу үшін оны бағу, күте білу, суарма егістерді кезінде суару білу қажет. Берсеевтің тәжірибесіне қарағанда суару егісті күтудің ең жауапты жұмыстарының бірі, сондықтан да әрбір участокке, әрбір гектардың барлығына судың бір қалыпты берілуін Берсеевтің өзі қатты бақылап отырған.

«Егісті суару жұмысы бір қалыпты болуы керек, бірде-бір тарының түбі мен шөлдедім демейтін болсын, тарының, егістің сусағанын егінші білуге тиіс!» - дейтін де Шығанақ.

«Егістік жерді сирек суарып, суды көп бергеннен көрі, суды аз-аздан, жиі суарудың жақсы екендігіне көзім жетті, менің тәжірибем осыны ұққызды» деп ол өзінің звено мүшелеріне үнемі айтатын. Егін жиі суарылса өсімдік құлпырып кетеді.

Егісті суару аралықтарын өсімдіктің өсу кезеңдеріне қарай ғана емес, сонымен бірге, оның суды талап етуіне қарай белгілейтін еді. Ең алғашқы суаруды тары 5-6 құлақ болған кезде, екінші суаруды тары бас жарған кезде, үшінші суаруды дәндене бастаған кезде, ал төртінші суаруды пісе бастаған кезде суарады. Берсеев егісті суарудың мезгілін қатаң сақтайтын. Егісті таңертең және кешке қарай суару керек, ал күндіз күн қызған кезде, ыстық уақытта егісті сууруға болмайды. Егісті осылай суарудың нәтижесінде (әрине жақсы тұқыммен егілген егіс) егін басты, дәндері толық болады, тарының бір келтесінде 2 мыңнан 3 мыңға дейін дән болады. Жеке атыздарда, участоктерде өспей, шабандап кенже қалатыны болады. Сондықтан Шығанақ мұндай жерлерді баса суаратын-ды, сусынын мезгіл-мезгіл қандырып отыратын, мейірі қанған өсімдік алғашқыда өсуі шабан болса да, орақ мезгіліне дейін толығып, кемеліне келетін.

«Бұрын дүние жүзінде болмаған мол өнім алуға, біз колхоздың еңбекке адал және ар-намыс пен қарудың арқасында, звено мүшелерінің мол өнім үшін күреске белсене қатысуы арқасында, олардың өз Отанын сүйгендігін іс жүзінде көрсеткендіктің нәтижесінде жеттік. Біз бәрінен бұрын жұмыстың сапасы үшін күрестік. Біздің звеноның адамдары жұмысты стахановша істейтін еді» - депті Шығанақ диқан.

Егіннен мол өнім алған тәжірибелі қарт Москваға Ленин атындағы бүкіл ауылшарашылық ғылым академиясына барып, онда академик Лысенкомен кездесіп, егін шығымдылығын арттырудың, егіннен мол өнім алудың шегі бола ма деген тақырыптарда әңгімелеседі. Өзінің тәжірибелері мен қолданған әдістерін академикке айта келіп Шығанақ, «Егер менің өмірім жетсе, алдағы жылы өзімнің туған жерім «Құрман» колхозының даңқын мұнан былай да жоғары көтеруге күш саламын»-деген болатын.

Айжан АЛМАНИЯЗОВА,
зейнеткер ұстаз.

Ақ тарыны жаңғыртқан Ринат



Шығанақ Берсиев әлемге Ойылдың ақ тарысын танытып, 1943 жылы 40 гектардың 4 гектарынан 201 ц. өнім алып, биология ғылымын таңқалдырған өнімімен әлемдік рекорд орнатқаны белгілі. Шығанақтың ізбасарлары кейінгі кезеңге дейін ақ тарыны егіп, ата жолын қуып келді. Ойыл ауданында қызыл тары егіліп, Ақтөбенің брендіне айналып та үлгерді. Тары егуді қолға алған Қаратал ауылында басшылық жасағандардың бірі - Дәулетжан Доспанбетов еді...

Еңбек жолын 1956 жылы «Калинин» колхозында бастаған ол жоғары оқу орнын бітіргеннен кейін 1968-1975 жылдары «Жетікөл» совхозында бас агроном, 1975-1976 жылдар аралығында «Жетікөл» совхозы партия комитетінің хатшысы, 1976 жылғы қарашадан 1991 жылдың қазан айына дейін Шығанақ Берсиев атындағы совхоз, ал 1991 жылдың қазан айынан бастап зейнеткерлікке шыққанға дейін Амангелді атындағы совхоз директоры болып жасаған. Көп жылғы жемісті еңбегі үшін 1973 жылы «Ерен еңбегі үшін» медалімен, «Қазақ ССР халық ағарту ісінің озық қызметкері» белгісімен марапатталған. Осы өңірде Ш.Берсиевтің шәкірті - Зәуре Баймолдина Ұлы Отан соғысы жылдарында қажырлы еңбек еткені белгілі. Еңбек жолында «Кемерши», «Құрман» ұжымдық шаруашылықтарда тары өсіру звеносының жетекшісі болды.

Осы кезде Ойыл ауданында суармалы жерде ақ тары өсіретін звенолар қалыптасты. Ақбала Берсеева, Қашқын Соқыров, Таған Ұзақбаевтар жанқияр-лық еңбектің үлгісін көрсеткен. Ш.Берсиев атындағы совхозды басқарған жылдары Дәулетжан Қаратал ауылына жаңа үлгідегі тері, жүн өндейтін цех салдырды. Сол жылдары ақ тарыдан мол өнім алып, совхоз ыдыраған кезге дейін қызмет еткен. Дәулетжан Сатанұлы Шығанақ атаның қызы Ақжібектен 24 дана ақ тарының тұқымын алған және оны газетке орап, қолына ұстайтын дипломатқа салып, Ақтөбеге көшкен кезден, 2023жылға дейін үй шатырында сақтаған.

2007 жылы дүниеден озған Дәулетжан ағамыздың отбасы оны білмеген. Тек қана немересі Ринат құжаттарды іздеп жүріп тапқан. Шағын ауласындағы бау-бақша арасына 24 дана тары тұқымын алғаш сеуіп, оны шығады деп күтпеген. Әжесі - Балзия Бисенғалиқызы жастайынан әкесінің тары өсірумен айналысқаны белгілі. Осы тарыны күтіп, баптау жұмыстарын немересіне көрсеткен. 2023жылы егілген тары, көп ұзамай, ылғалдың көптігінен бе, әлде таңғажайып табиғаттың құдіреттілігінен бе 40 жылдан астам уақыт сақталған Дәулетжанның Шығанаққызы Ақжібектен алған тарысы көктеп шықты. Алғашында 24 түйір дәннен шыққан ақ тарыны жинап Ринат 2025 жылы қайта септі. Биыл да сол тары дақылын аула-сындағы щағын алқапқа егіп, мол өнім алды.

Әлемге ақ тарысы мен танылған Ш.Берсиев туралы музей қорына тарихи деректер мен ел ауызында қалған мәліметтерді жинақтау мақсатында Ақтөбе қаласына арнайы бардық. Балзия Бисенғалиқызы мен Ринат Оралұлымен кездесіп, сұхбаттастық. Ринаттың айтуынша алғаш қолына түскен тары тұқымын шие талының етегіне немесе адам жүретін жердің жиегіне салған. Ол дән 30-33 күнде көктеп шыққан. Әжесі байқамай арам шөп деп жартысын жұлып тастаған. Бұл тарының шығуына сенбеген сыңайлы. Кейін тарының көктегенін біліп қуанған. Алдағы уақытта Ойыл ауданы, «Ш.Берсиев» ауылдық округіндегі тары алқабына осы ақ тары тұқымын егіп, Шығанақ атаның жолын жалғастырсам деп армандайды Ринат Оралұлы.

Д. ИСАБАЕВ,
Ойыл аудандық Ш.Берсиев атындағы өнер және өлке тарихы музейінің директоры.

ЖАҚСЫҒА ЖОРУ

(Үзінді)

ТАРЫ ТАҚЫРЫПТАМАСЫ БОЙЫНША ТЫҢ ДҮНИЕЛЕРДІ ТАРИХИ ҒЫЛЫМИ АЙНАЛЫМҒА ҚОСЫП, ОСЫ САЛАҒА ЕЛЕУЛІ ОЛЖА САЛЫП КЕЛЕ ЖАТҚАН БЕЛГІЛІ ЗЕРТТЕУШІ ҚАЛАМГЕР, ҒАЛЫМ-ДИПЛОМАТ, ФИЛОЛОГИЯ ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ ДОКТОРЫ, ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚҰРМЕТТІ ЖУРНАЛИСІ, ҚАЗАҚСТАН ЖУРНАЛИСТИКА АКАДЕМИЯСЫНЫҢ АКАДЕМИГІ, ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ «АЛТЫН ЖҰЛДЫЗ» ДИПЛОМЫНЫҢ ИЕГЕРІ, ҚАЗАҚСТАН ЖАЗУШЫЛАР ОДАҒЫНЫҢ ЖӘНЕ ЖУРНАЛИСТЕР ОДАҒЫНЫҢ МҮШЕСІ, РЕСЕЙ АУДАРМАШЫЛАР ОДАҒЫНЫҢ МҮШЕСІ, ТАЯУДА «ОБЛЫСҚА СІҢІРГЕН ЕҢБЕГІ ҮШІН» ТӨСБЕЛГІСІМЕН МАРАПАТТАЛЫП, «ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚҰРМЕТТІ ЖАЗУШЫСЫ» АТАҒЫ БЕРІЛГЕН АҚТӨБЕЛІК ЖЕРЛЕСІМІЗ СЕРІККАЛИ БАЙМЕНШЕНІҢ ҮСТІМІЗДЕГІ ЖЫЛЫ АЛМАТЫДА ЖАРЫҚ КӨРГЕН «ЖЕРДЕ ЖАНҒАН ЖҰЛДЫЗ» КІТАБЫ ӘЛЕМГЕ ӘЙГІЛІ ДИҚАН, БІРТУАР ШЫҒАНАҚ БЕРСЕЕВКЕ ҚАТЫСТЫ, АЙТУЛЫ ДАҚЫЛДЫҢ ТАҒЫЛЫМДЫ ШЕЖІРЕСІНЕ ТИЕСІЛІ ТАНЫМДЫҚ ЭССЕ-Ә ГІМЕЛЕРДЕН ТҮЗІЛГЕН. БІЗ БҮГІН СОЛ КІТАПТАҒЫ БІР ШЫҒАРМАНЫ ОҚЫРМАН НАЗАРЫНА ҰСЫНЫП ОТЫРМЫЗ.

– Су... Қаптаған су... Жер жүзін су басып барады... Қарғын су ма? Қайдан келген? Өзеннің тасығаны ма?!.. Мүлде бөтен көрініс: су астынан мойын созған сорайған бөренелер; қаланың көшесіндегі секілді шашыраған көк шатырлы үйлер жартылай көрініп, су бетінде қалқып тұр. Қабырғалары суға мүжіліп бара жатқан сияқты; үңірейген терезелері үнсіз қарайды. Мынау үйлер қайдан пайда болған? Қалқоздың жайдақ қара үйлері қайда кеткен? Мына ауылды су басып кеткені несі? Адамдары қайда? Жерді жапан су басса, егіннің жайы не болды? Әншейінде атыздың құлағын ашпасаң, жетекке жүрмейтін судың бұл қайтіп асып-тасқаны? Бойлауық тары шіркін суға шомып тұр ма? Көк майса құрақтай шашақты басы шашылып қалды-ау...

Шырт ұйқыдан шошып оянды. Әлі таң атпапты. Бірақ қатты терлепті әрі алқынып, демігіп жатыр екен. Кеудесін белгісіз бір үрей қысып, жүрегі баяу соғатын тәрізді. Бойда қорқыныш бар сияқты ма... Бұрын түс көргенде есіне сақтай қоймайтын, өзінен өзі ұмытылып кететін. Таңертең оянған сәтте түнде бірдеңе көргенін сезетін, бірақ аз уақыттан кейін бәрі көмескіленіп, күннің күйбең тірлігі бәрін жұтып алатын. Бұл жолғы түсін ұмытпай оянды; бұрын-соңды көрмеген, алды-арты белгісіз, мүлде бөлек түс. Сусаған адам сияқты су көргені несі? Қарайған тіршілікті қамап тастаған бұл қайдағы қарғын су? Үй жайды басып қалғаны қандайырым? Көзін ашқан сәттен әлгі түсінде көргені айнадай анық санада тұрып алды. «Бүкіл ғұмырыңды тары егуге жұмсадың, суарма деп зар қағып жүрдің, сосын түсіңе су кірмегенде не кіреді?» дейді бір ойы. «Мына мол су апаттың емес, еңбегіңнің қаншалықты қымбат екенін сездіргені шығар» дейді және бір ойы.

Әдетте қызыл күрең шәйді кесеге жұқтырып, қоюлау қылып, қайнатып тұрып ішуші еді. Осы әдетін білетін кемпірінің аққұманы шоқтан түспей тұратын. Бүгін бұлай болмады. Таң алдында көрген түсі кеудесінде кілкілдеп тұрған секілді. Оны қалай жоруын білмей дал болды. Біреуге барып сұрауды жолын таппады. Жақын маңайда жорып беретін түсші де жоқ. Көрген түсін қолмен ұстағандай қоятын жорығыш түскерлік бойына бітпегенін өзі жақсы біледі. Түсті біреулер болашақтың хабаршысы дейді. «Түсі оңғанның – ісі оңады» дейді. Бірақ жер бетін қаптаған су оңған түс емес... Ол шырғалаған ойға шырмалып, тұспалды түстің түбі жеткізбей әрі түс шіркіннің мына кездейсоқ буйрығын ұға алмай көп отырды. Кемпіріне түсін айтуға сәл оқталды да... Сонау Мәнке би бабасынан бері айтылып келе жатқан тәмсіл есіне түсіп, кілт кідіріп қалды.

Ата санап, ағаш кертуді дәстүрге айналдырмаса да, арғы бабаларының сабақты ісін санасына құйып, зиятты сөзін мұра етіп жүретін ол шешесі Шалқаудың шешіліп айтатын ұзақ-сонар әңгімесінің бір ұшы осы түстің жайына барып тірелетіні есіне алды.

...Арғы бабасы Ебескі деген кісінің Алтай, Құттығай, Жаңатуған, Қарнақ, Қайман деген бес ұлы болыпты. Ол қартайғанда үлкен ұлы Алтайдың қолында тұрыпты. Келіні ақылды адам болса керек, күйеуіне «атама жас иіс алып бер» деп айтады екен. Бастапқыда бұл сөзді Ибескінің өзі де қайырып тастап жүріпті, бірақ Алтай ұлының тарапынан қайта қайта айтыла берген соң ақыры айла жасағандай болып, «қол жетпес алыс жерден айттырыңдар» деп келісімін беріпті. Ауылдың үлкендерін жинап, ойын ортаға салған Ебескі «Орта жүздің бір асыл азаматымен көп жыл жорықтас болып едім, оның алты ұлы талай шайқасқа бірге қатысқан еді. Сол алты ұлдан кейінгі көрген кенже қызы Шолпан қазір 28-29 жаста болса керек. Берсе, сол жорықтасым қызын береді» дейді. Сөйтіп, неше күндік сапарға аттанған құдалар барар жеріне аман-есен жетіп, белгілі батырдың аулына ат басын тіреп, ұзақ жолдың арнайы мақсатын баяндайды.

Мұны естіген Шолпан қыз «Әкеммен жасты адамға әйел болғанша, өлгенім артық» деп молаға қарай жүгіріпті... Жылай-жылай шаршап, бір зиратқа сүйеніп отырып ұйықтап кетсе, түсіне бабасы кіріпті де, оған: «Балам, тұр! Басыңды көтер! Барған жерінде ұл туарсың, атын Жұлдыз қой, қыз туарсың, атын Құндыз қой. Екеуінің де елге атағы шығар» деп ғайып болыпты.

Сол Шолпан анасынан Жұлдыз бен Құндыз туғанын, Ебескі бабасы қайтыс болған соң, Шолпан ананың рубасы болып қалғанын, өзінің де Кетенің Жұлдыз аталығынан тарайтынын Шығанақ жақсы біледі. «Түс деген осылай, бәрін алдын ала білдіріп отырады» деп аяқтайтын әңгімесін Шалқау шешесі.

Ал мұның түсі нені білдіргені? Аландағаны – таңдаулы төрт телім танабы еді. Өзі арман еткен егістік. Әр түйір дәнді қолмен іріктеп, алақанына салып, аялап апарып жерге сіңіргенде болашақ мол өнім көз алдына елестеген. Уақытты да, шаршауды да ұмытып, ендігі өмірі осы алқаптың арғы-бергісімен өлшенетіндей сезімде болған. Таңнан кешке дейінгі ойы – қайтканде де өзі ойлағандай өнім алу болатын әрі өнімнің мол түсетініне сенімді еді. Егістікті аралап жүріп, су шаймаған құрғақ топрақты, күлтелі басына күн түсіп, аман-есен өсіп тұрған шашақты тарыны көріп, кеудесіндегі ауырлық сәл сейілгендей болды. Дегенмен, көңіл түкпірінде түндегі түстің салқыны әлі бар.

Соның мәнін іздегісі келеді. Мүмкін, бұл түс оған бір нәрсені ескерту үшін кірген шығар. Әлде бұл болатын істің өзі емес, оған дайын бол деген белгі ме? Бәрібір түбіне жете алмайтын секілді. Өз жүрегіне салып жорып көрсе, оның жауабы ішінде емес, алыста, сыртта тұрған сияқты сезіледі. Әлдебір бейтаныс ауылды (әлде өз ауылы ма?) су басуы үлкен бір өзгерісті аңғартатын сияқты. Бірақ қазір соғыстан басқа не өзгеріс керек бұл елге?! Соғыс жеңіспен аяқталса, балалары аман-есен оралса, өзгерістің ең басында сол тұр емес пе?

Алқап шетіндегі дөңеске шығып отырды. Шылым орауға кірісті. Түсінде көрген мол судың ізі де жоқ. Қалқоздың қарайған үйлері де дін аман. Төменде Ойыл асықпай ағып жатыр. Аяқ асты тасып, бұлқан-талқан мінез көрсететін асау өзен емес бұл; керісінше жуас, суы жұмсақ өзен. Түсіндегі топан судың Ойылдың күрт тасуынан болмаса, басқа келетін жолы жоқ. Жұрт осы Ойылдың суын өрге шығара алмай келді емес пе? Баяғыда төрт үй жабылып, түйе шығырмен алақандай жерге егін салғанда, соған да шүкіршілік еткен.

Темекі түтінін будақтата шығарып, көкжиекке сығырая қарады. Теп-тегіс, түгі селдіреген шексіз дала; құп-құрғақ аспанға бұлт айналмаған соң алақаны ашылмай, өсімдік тамыры кеуіп бара жатқан сияқты. Көңілін мотор дауысы бөлді. Шығанақ етек-жеңін қағып, орнынан тұрды.

...Өзінің таңдаулы танаптарына таяу тұр екен. Қолмен қазған баяғы бас арықтың ізі жоқ, үйіндісі қалыпты; темір күрегімен талай мәрте құлағын ашқан қалың атыздың іші толы батпақ; тары жайқалып өсетін алқаптың орнын жабайы шөп басып кетіпті; құрай, ши, бұта қаулап, мал аяғына тапталып жатқан жер; түйенің мойнындай түтігін жоғары көтеріп, жазыққа су шығаратын қозғалтқыш жоқ, қолды болды ма, сынып құрыды ма, белгісіз... тары өсіруге қолайлап жүрген жерінің бәрі тұяққесті шиыр боп, мал өрісіне айналған сияқты... ойдағы ойматтай өзені мүлде көрінбейді!

– Ойбай, Ойыл қайда?!

Шошып оянды. Тағы да түс көрді. Тағы да сол алқына соққан жүрек, дел-сал күй. Бұл жолы әлгі қаптаған қалың су жоқ, есесіне жермен-жексен, теп тегіс, құраған типыл дала. Адам аяғы баспаған, түрен тісі тимеген бейтаныс тұл алқап кірді түсіне... Өзен аңғарындағы өз танаптары екенін таныды... Бірақ терең арнасынан төгіп су беретін баяғы Ойылы үзіліп-үзіліп көзге шалынады!

Алғашқы түсінен арылмай жатып, тағы да түс көруін қалай жоруды білмеді. Тасыған судың екпіні басылып, арнасына қайтатыны белгілі, ал мына екінші түсі не айтқысы келгенін түсіне алмады. Өзін осы соңғы түсі қатты алаңдататын сияқты.

* * *

– Е-е.. түсті де жақсыға жорыт деген... Дауысының қаттырақ шығып кеткенін байқамады. Іштегі лықсып келген ойды тежей алмаған екен. Жанындағы ауылдық кеңес төрағасы Рақметжан бетіне бұрыла қарады. Екеуі егістіктің шетіне жетіп тоқтады. Аттарын тұсап, отқа қойды да, көк шөптің үстіне малдас құра отырды.

– «Жас келді, жан жақын» деген бар, Рақметжан! Соңғы уақытта екі рет түс көрдім. Әшейінде ұмытып қалатын едім, бірақ осы екі түсім ұмытылмады, – деп Шығанақ көзі ашық туысқан інісіне сыр ашты.

– Ертеден қалған «түсіңді жездеңе, жиеніңе және әйелге жорытпа» деген сөз бар еді. Ақсақалдар «түсің ді жақсыға жорыт» деп жататын баяғыда. Әрі ойлап, бері ойлап, өзіңнен артық ешкімді таба алмай отырмын. Аталас ағайын, бауырымсың. Оның үстіне әкең белгілі би болған адам еді; менен гөрі көзің ашық, сауатты, оқыған азаматсың, – деп Шығанақ сөзін әрі қарай жалғады.

Естіген жерде ой қалмас. Рақметжан тауанды ағасының бейтап мінезін түсінді. Әрі соңғы уақытта төсек тартып қалмаса да, қатты ауырып жүргенін, Мәскеуге барып емделіп қайтқанын жақсы білетін. Сол себепті мазасыз түс денсаулығына байланысты шығар деп ойлады.

– Ауырып жүрген соң кірген ғой, Шықа! Адамның күш-қуаты азайып, шаршап, дәрменсіздеу болған кезінде осындай түс көреді. Соғыс, жұмыс, ішкі уайым еткені белгілі. Еңбек жолында «Кемерши», «Құрман» ұжымдық шаруашылықтарда тары өсіру звеносының жетекшісі болды.

Осы кезде Ойыл ауданында суармалы жерде ақ тары өсіретін звенолар қалыптасты. Ақбала Берсеева, Қашқын Соқыров, Таған Ұзақбаевтар жанқияр-лық еңбектің үлгісін көрсеткен. Ш.Берсиев атындағы совхозды басқарған жылдары Дәулетжан Қаратал ауылына жаңа үлгідегі тері, жүн өндейтін цех салдырды. Сол жылдары ақ тарыдан мол өнім алып, совхоз ыдыраған кезге дейін қызмет еткен. Дәулетжан Сатанұлы Шығанақ атаның қызы Ақжібектен 24 дана ақ тарының тұқымын алған және оны газетке орап, қолына ұстайтын дипломатқа салып, Ақтөбеге көшкен кезден, 2023жылға дейін үй шатырында сақтаған.

2007 жылы дүниеден озған Дәулетжан ағамыздың отбасы оны білмеген. Тек қана немересі Ринат құжаттарды іздеп жүріп тапқан. Шағын ауласындағы бау-бақша арасына 24 дана тары тұқымын алғаш сеуіп, оны шығады деп күтпеген. Әжесі - Балзия Бисенғалиқызы жастайынан әкесінің тары өсірумен айналысқаны белгілі. Осы тарыны күтіп, баптау жұмыстарын немересіне көрсеткен. 2023жылы егілген тары, көп ұзамай, ылғалдың көптігінен бе, әлде таңғажайып табиғаттың құдіреттілігінен бе 40 жылдан астам уақыт сақталған Дәулетжанның Шығанаққызы Ақжібектен алған тарысы көктеп шықты. Алғашында 24 түйір дәннен шыққан ақ тарыны жинап Ринат 2025 жылы қайта септі. Биыл да сол тары дақылын аула-сындағы щағын алқапқа егіп, мол өнім алды.

Әлемге ақ тарысы мен танылған Ш.Берсиев туралы музей қорына тарихи деректер мен ел ауызында қалған мәліметтерді жинақтау мақсатында Ақтөбе қаласына арнайы бардық. Балзия Бисенғалиқызы мен Ринат Оралұлымен кездесіп, сұхбаттастық. Ринаттың айтуынша алғаш қолына түскен тары тұқымын шие талының етегіне немесе адам жүретін жердің жиегіне салған. Ол дән 30-33 күнде көктеп шыққан. Әжесі байқамай арам шөп деп жартысын жұлып тастаған. Бұл тарының шығуына сенбеген сыңайлы. Кейін тарының көктегенін біліп қуанған. Алдағы уақытта Ойыл ауданы, «Ш.Берсиев» ауылдық округіндегі тары алқабына осы ақ тары тұқымын егіп, Шығанақ атаның жолын жалғастырсам деп армандайды Ринат Оралұлы.

Д. ИСАБАЕВ,
Ойыл аудандық Ш.Берсиев атындағы өнер және өлке тарихы музейінің директоры.

ЖАҚСЫҒА ЖОРУ

(Үзінді)

ТАРЫ ТАҚЫРЫПТАМАСЫ БОЙЫНША ТЫҢ ДҮНИЕЛЕРДІ ТАРИХИ ҒЫЛЫМИ АЙНАЛЫМҒА ҚОСЫП, ОСЫ САЛАҒА ЕЛЕУЛІ ОЛЖА САЛЫП КЕЛЕ ЖАТҚАН БЕЛГІЛІ ЗЕРТТЕУШІ ҚАЛАМГЕР, ҒАЛЫМ-ДИПЛОМАТ, ФИЛОЛОГИЯ ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ ДОКТОРЫ, ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚҰРМЕТТІ ЖУРНАЛИСІ, ҚАЗАҚСТАН ЖУРНАЛИСТИКА АКАДЕМИЯСЫНЫҢ АКАДЕМИГІ, ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ «АЛТЫН ЖҰЛДЫЗ» ДИПЛОМЫНЫҢ ИЕГЕРІ, ҚАЗАҚСТАН ЖАЗУШЫЛАР ОДАҒЫНЫҢ ЖӘНЕ ЖУРНАЛИСТЕР ОДАҒЫНЫҢ МҮШЕСІ, РЕСЕЙ АУДАРМАШЫЛАР ОДАҒЫНЫҢ МҮШЕСІ, ТАЯУДА «ОБЛЫСҚА СІҢІРГЕН ЕҢБЕГІ ҮШІН» ТӨСБЕЛГІСІМЕН МАРАПАТТАЛЫП, «ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚҰРМЕТТІ ЖАЗУШЫСЫ» АТАҒЫ БЕРІЛГЕН АҚТӨБЕЛІК ЖЕРЛЕСІМІЗ СЕРІККАЛИ БАЙМЕНШЕНІҢ ҮСТІМІЗДЕГІ ЖЫЛЫ АЛМАТЫДА ЖАРЫҚ КӨРГЕН «ЖЕРДЕ ЖАНҒАН ЖҰЛДЫЗ» КІТАБЫ ӘЛЕМГЕ ӘЙГІЛІ ДИҚАН, БІРТУАР ШЫҒАНАҚ БЕРСЕЕВКЕ ҚАТЫСТЫ, АЙТУЛЫ ДАҚЫЛДЫҢ ТАҒЫЛЫМДЫ ШЕЖІРЕСІНЕ ТИЕСІЛІ ТАНЫМДЫҚ ЭССЕ-Ә ГІМЕЛЕРДЕН ТҮЗІЛГЕН. БІЗ БҮГІН СОЛ КІТАПТАҒЫ БІР ШЫҒАРМАНЫ ОҚЫРМАН НАЗАРЫНА ҰСЫНЫП ОТЫРМЫЗ.

– Су... Қаптаған су... Жер жүзін су басып барады... Қарғын су ма? Қайдан келген? Өзеннің тасығаны ма?!.. Мүлде бөтен көрініс: су астынан мойын созған сорайған бөренелер; қаланың көшесіндегі секілді шашыраған көк шатырлы үйлер жартылай көрініп, су бетінде қалқып тұр. Қабырғалары суға мүжіліп бара жатқан сияқты; үңірейген терезелері үнсіз қарайды. Мынау үйлер қайдан пайда болған? Қалқоздың жайдақ қара үйлері қайда кеткен? Мына ауылды су басып кеткені несі? Адамдары қайда? Жерді жапан су басса, егіннің жайы не болды? Әншейінде атыздың құлағын ашпасаң, жетекке жүрмейтін судың бұл қайтіп асып-тасқаны? Бойлауық тары шіркін суға шомып тұр ма? Көк майса құрақтай шашақты басы шашылып қалды-ау...

Шырт ұйқыдан шошып оянды. Әлі таң атпапты. Бірақ қатты терлепті әрі алқынып, демігіп жатыр екен. Кеудесін белгісіз бір үрей қысып, жүрегі баяу соғатын тәрізді. Бойда қорқыныш бар сияқты ма... Бұрын түс көргенде есіне сақтай қоймайтын, өзінен өзі ұмытылып кететін. Таңертең оянған сәтте түнде бірдеңе көргенін сезетін, бірақ аз уақыттан кейін бәрі көмескіленіп, күннің күйбең тірлігі бәрін жұтып алатын. Бұл жолғы түсін ұмытпай оянды; бұрын-соңды көрмеген, алды-арты белгісіз, мүлде бөлек түс. Сусаған адам сияқты су көргені несі? Қарайған тіршілікті қамап тастаған бұл қайдағы қарғын су? Үй жайды басып қалғаны қандайырым? Көзін ашқан сәттен әлгі түсінде көргені айнадай анық санада тұрып алды. «Бүкіл ғұмырыңды тары егуге жұмсадың, суарма деп зар қағып жүрдің, сосын түсіңе су кірмегенде не кіреді?» дейді бір ойы. «Мына мол су апаттың емес, ең